



АҚЫН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА АРНАЛҒАН КЕШКЕ БАРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Франц Кафка атындағы халықаралық Алтын медаль сыйлығының лауреаты, қазақ руханиятының аса көрнекті өкілі, белгілі ақын Шәмшібай Сариевтің шығармашылығына арналған кешке барды.



Концертте қазақстандық эстрада жұлдыздары өнер көрсетіп, эстрадалық-симфониялық оркестрдің сүйемелдеуімен ақынның «Айналым сенен, Атамекен-ай», «Сәлем саған, туған ел», «Аяулым», «Домбыра туралы баллада», «Өкінбе сен», «Өмір-өзен», «Сағындым сағым жылдар», «Дос керек», «Сарыарқа» және тағы басқа өлеңдеріне жазылған, халық сүйіспеншілігіне бөленген әндер орындалды.

ТЕХНИККЕ ЖАРЫҒАН ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН

2025 жыл Қазақстанда «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияланды. Елде он жылдай бұрын дуальды білім беру енгізілді. Жауапты шенеуніктер ұзақ дайындалды. Білім министрлігі «Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын» тек 2016 жылы қабылдады. Содан бері бұл жобадан не нәтиже шықты? Осы жүйеде білім алғанның орта есеппен тек 20%-ы өндірістен орын табады. Сарапшылар бес жылдан кейін елде кәсіптік техникалық мамандар тапшылығы миллионға жетеді деп отыр. Дуальды білім неге өзін ақтамады? Қайтсе кемеліне келеді?

ДУАДАЙ БОЛҒАН ДУАЛДЫ БІЛІМ

Қазақстанда дуальды білім беру процесі 2012 жылы басталды: сол жылы «Қазақстан – 2050» стратегиясында белгіленді. Осы халықаралық озық модель қазақ елін жарқын болашаққа жеткізетін тетіктердің бірі ретінде ұсынылды. Бірақ ол бір-

ден өмірге жолдама алмады, оны енгізуге мемлекет те, оқу орындары да, кәсіпорындар да дайын емес еді.

Бизнес тарапынан қарсылық байқалды. Мысалы, Тау-кен өндіруші және тау-кен металлургиялық кәсіпорындардың республикалық қауымдастығының атқарушы директоры Николай Радостовец ор-

тасының ортақ пікірін білдірді. «Бізге қауіпсіздік техникасы бар, ол қатаң сақталуы қажет. Қауіп жоғары өндіріс орнына жас балаларды қалай жібереміз, жұмысшылардың аяғына оралғы болуы да мүмкін», – деп күмәнданды.

(Жалғасы 5-бетте)

ЖАН ЖЫЛУЫ – «ЖАН ШУАҚ»

«Кедергісіз келешек» жобасы аясында «AMANAT» партиясының қолдауымен жыл сайын Қазақстан мүгедектер конфедерациясы ұйымдастырып келе жатқан «Жан Шуақ» қоғамдық марапаты – жанды жадыратып, адамдарды жақындастыра алатын игілікті, ізгі істердің бірі.



→ 4

СОҚПАҚПАЕВ МҰРАСЫ – ОҚЫРМАНҒА ОЛЖА

Алматыда халықаралық кітап және полиграфия көрмесі өтті. Көрменің алғашқы күнінде Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа», «Меня зовут Кожа» және «Балалық шаққа саяхат» атты кітабының тұсауы кесілді.



→ 7

МӘСЕЛЕ

БИДАЙДЫҢ ҚҰНЫ КЕБЕКПЕН ТЕҢ

Мол астық жинап алғанымен, теріскейдегі шаруалардың қазіргі ахуалы мәз болмай тұр. Бітік шыққан бидайдың құны қазір диірменде үгілген дәннің қауызы – кебектің құнымен бірдей деңгейге жеткен.

→ 6



БАСПАСӨЗ-2025



АІОҰН

АІОҰН республикалық
қоғамдық-саяси газетіне

2025 жылға жазылу басталды

Жазылу түрлері	Индекс	Жазылу мерзімі	Редакциялық баға	«ҚАЗПОШТА» АҚ жазылу бағасы	
				Қала	Ауыл
Занды тұлғалар үшін	15102 - AIQYN	6 ай 12 ай	10 500 21 000	15 871,08	11 854,86
				31 742,16	23 709,72
Жеке жазылушылар үшін	65102 - AIQYN	6 ай 12 ай	6 250 12 500	7604,46 15208,92	



Анықтама телефондары:

«Қазпошта» анықтама бөлімі: 8 (7172) 58-02-96
Жазылу және тарату бөлімі: 8 (778) 837-07-21



23 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

САҚТЫҚҚА КӨҢІЛ БӨЛІНЕДІ

Әлемдегі геосаяси ахуалдың шиеленісе түскеніне байланысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тиісті құрылым басшыларына арнайы тапсырма берді. Президент әскери және азаматтық нысандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шұғыл шаралар қабылдауды тапсырды.

Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли таратқан ақпаратта қабылданып жатқан іс-қимылдар жайлы Парламент палаталарының төрағалары хабардар етілгені айтылған.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-Министрге, Президент Әкімшілігінің Басшысына және күштік құрылымдардың жетекшілері мен барлық әкімдерге Украина төңірегіндегі жағдайдың ушығуына байланысты негізгі әскери және азаматтық нысандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шұғыл шаралар қабылдауды тапсырды.

Парламент палаталарының төрағалары қабылданып жатқан іс-қимыл туралы хабардар етілді.

Президент еліміздегі жағдайды өз бақылауында ұстап отыр.

Біздің еліміз үшін басты стратегиялық мақсат — тұрақтылықты, тыныштықты, заң мен тәртіп үстемдігін сақтау.

Қазақстан славян екі халық арасындағы қатығысты келіссөз арқылы тоқтату қажет екенін бірнеше рет мәлімдеген болатын», — деп жазды Берік Уәли.

Ал Премьер-Министр Олжас Бектенов Украина төңірегіндегі жағдайға байланысты жедел кеңес өткізді. Жиынға қорғаныс, ішкі істер, төтенше жағдайлар, сыртқы істер, денсаулық сақтау,

көлік, энергетика, өнеркәсіп және құрылыс, ұлттық экономика, қаржы министрліктерінің басшылығы қатысты. Кеңесте Мемлекет басшысының негізгі әскери және азаматтық объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шұғыл шаралар қабылдау туралы тапсырмаларын орындаудың жай-жапсары талқыланды.


Премьер-Министр Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовтың стратегиялық және инфрақұрылымдық объектілерді қорғауды қамтамасыз ету бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы мәліметтерін тыңдап, мемлекеттік органдардың іс-қимылдарын күшейтуге бағытталған бірқатар міндеттер қойды. Тұрақтылық пен қоғамдық тәртіпті сақтау, көлік қатынасының қауіпсіздігі, денсаулық сақтау объектілерінің қызметі және басқа да мәселелерге назар аударылды.

Үкілетті құрылымдардың басшылығына Президенттің қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларын орындауын ерекше бақылауда ұстау және жағдайдың өзгеруі туралы шұғыл режимде баяндау тапсырылды.

Ардақ СҰЛТАН

ПАТРИАРХ КИРИЛЛДІ ДІН ЛИДЕРЛЕРІНІҢ VIII СЪЕЗІНЕ ШАҚЫРДЫ

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Ресей Федерациясына сапары аясында Мәскеуде Мәскеу және Бүкіл Ресей Патриархы Кириллмен кездесті. Іс-шара барысында палата Спикері оған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VIII съезіне шақыруды табыс етті. Кездесуде тараптар рухани дипломатияның қазіргі сын-қатерлерді еңсерудегі рөлін талқылады.



Сенат Спикері Орыс Православие шіркеуіне Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін жан-жақты қолдап, жаһандық дінаралық диалогты нығайтуға және рухани дипломатияны халықаралық деңгейде дамытуға жәрдемдескені үшін ризашылығын білдірді. Сондай-ақ Мәулен Әшімбаев Қазақстандағы Православие қауымы елдің бірлігін арттыруға үлкен үлес қосып отырғанын атап өтті.

Сұхбат барысында палата Төрағасы VIII съезге дайындық күрделі жаһандық сын-қатерлер жағдайында өтіп жатқанына назар аударып, мұндай ахуал рухани көшбасшылардың күш-жігерін

жұмылдыруды талап ететінін айтты. Аталған түйткілдер климаттың өзгеруі, биологиялық қауіп, экономикалық тоқырау, кедейліктің артуы сияқты өзекті мәселелердің салдарынан одан әрі шиеленісе түсетіні анық.

Өз кезегінде Мәскеу және Бүкіл Ресей Патриархы Кирилл Қасым-Жомарт Тоқаевқа Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VIII съезіне шақырғаны үшін алғыс білдірді. Сондай-ақ ол Орыс Православие Шіркеуі Қазақстандағы түрлі дін өкілдері арасындағы бейбітшілік пен ынтымақтастық идеяларын дәріптеуге арналған бастамаларды қолдайтынын жеткізді.

ТМД ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСТЫ

Санкт-Петербург қаласында ТМД Парламентаралық Ассамблеясының 57-пленарлық отырысы өтті. Оған Достастыққа мүше мемлекеттердің Парламент палаталарының төрағалары қатысты. Қазақстан делегациясын Парламент Сенатының Спикері Мәулен Әшімбаев бастап барды.



Отырыс кезінде Достастық елдер Парламенттерінің депутаттары сайлау процесін халықаралық байқау институтының демократия мен сайлау мәдениетін дамытудағы рөлін талқылады.

Бұл ретте Сенат Төрағасы өңірдегі елдер ынтымақтастығының маңызды бағыттарының бірі сайлау мен референдумдарды өткізуге мониторинг жүргізу болып қала беретінін атап өтті.

«Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қазан айында Мәскеуде өткен ТМД мемлекеттері басшыларының саммитінде біздің елдеріміз үшін Достастықтың әлеуетін одан әрі нығайту және оның беделді халықаралық ұйым ретіндегі рөлін арттыру сөзсіз басымдық екенін атап өтті», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сондай-ақ палата Спикері халықаралық байқау институты Достастық кеңістігіндегі сайлау процесінің маңызды және ажырамас бөлігіне айналып, олардың ашықтығын арттыруға ықпал еткенін тілге тиек етті.

«Халықаралық байқау дегеніміз сайлау рәсімдерінің сақталуын тексеру ғана емес, сонымен қатар ол — заңның үстемдігін және мемлекет пен қоғам арасындағы диалогті қолдаудың маңызды тетігі. Бұл тәсіл сайлау процесінің халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етуге және оларға деген сенімді нығайтуға мүмкіндік береді. Байқау үдерісі егемендік пен мемлекеттілікті құрметтеу қағидаттарына негізделетінін атап өткен жөн. Бұл ретте халықаралық байқау миссияларының қызметі объективті және ашық сипатта болады», — деді Қазақстан Парламенті Сенатының Спикері.

Сонымен қатар Мәулен Әшімбаев парламенттік диалогтің мемлекетаралық ынтымақтастықты нығайтудағы маңызы туралы айтып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен іске асырылып жатқан Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі реформаларға тоқталды.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы атап өткендей, демократия дегеніміз нәтиже емес, ол — өз елінің тағдырына бейжай қарамайтын азаматтардың тұрақты қатысуын талап ететін процесс. Біз Қазақстандағы билік институттарының сайланбалылығын кеңейтіп жатырмыз. Ауылдық елді мекендердің әкімдерін сайлауды қалыптастырдық. Енді аудан әкімдерін сайлауды қолға алдық», — деді Мәулен Әшімбаев.

Одан бөлек, Сенат Спикері Мемлекет басшысының бастамасымен жүргізіліп жатқан реформалар аясында қазір елімізде аса маңызды мәселелер референдумға шығарылатынын айтты.

Сенат Спикері өз сөзінде бірлескен жұмыстың алдағы кезеңдегі басым бағыттарын белгілеп, 2025 жылы ТМД-ға төрағалық ететін Тәжікстан Республикасын құттықтады.

Бұдан басқа, отырыс барысында қатысушылар ТМД Парламентаралық Ассамблеясының аграрлық саясат, табиғи ресурстар және экология жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы лауазымына Қазақстан Парламенті Сенатының депутаты Ольга Булавкинаның кандидатурасын бекітті. Ал сенатор Геннадий Шиповский ТМД Жастар Парламентаралық Ассамблеясының үйлестірушісі етіп тағайындау туралы шешім қабылдады.

Палата Төрағасы ТМД ПАА алаңында парламенттік делегациялардың басшыларымен бірқатар екіжақты кездесулер де өткізді.

Беларусь Республикасы Ұлттық Жиналысы кеңесінің төрағасы Наталья Кочановамен кездесуде Мәулен Әшімбаев көпжақты алаңдар аясындағы өзара іс-қимыл, сондай-ақ сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайту жөніндегі ауқымды мәселелерді талқылады.

Сенат Спикері Тәжікстан Республикасының Маджлиси Оли Маджлиси милли төрағасы Рустами Эмомалимен кездесу барысында Парламент депутаттарының өңірдің экономикалық дамуы жолындағы бірлескен күш-жігері жөнінде пікір алмасты. Мәулен Әшімбаев тәжік парламентшілерін Қазақстан Республикасының Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттары мен міндеттерінің іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі парламенттік комиссияның «Орталық Азияның орнықты дамуы: Парламенттер мен жергілікті өкілді органдардың рөлі» тақырыбына арналған кеңейтілген отырысына қатысуға шақырды. Аталған іс-шараны биылғы желтоқсан айында Астанада өткізу жоспарланып отыр.

Мәулен Әшімбаев Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі Сенатының Төрағасы Танзила Нарбаевамен кездесуде әріптесін 27 қазанда аталған елде демократия мен мемлекеттің саяси жүйесін дамытудың жаңа кезеңін белгілеп берген сайлаудың сәтті өтуімен құттықтады. Сондай-ақ Қазақстан Парламенті Сенатының Спикері өңіраралық өзара іс-қимылды одан әрі арттыру перспективалары жөнінде сөз қозғады.

Ресей Федерациясы Федералдық Жиналысы Федерация Кеңесінің Төрағасы Валентина Матвиенкомен сұхбат барысында Мәулен Әшімбаев парламенттік диалогтің мемлекетаралық ынтымақтастық және өзекті мәселелерге қатысты сындарлы шешімдер қабылдау кезіндегі маңызды рөліне назар аударды. Сонымен бірге ол Қазақстан Парламентінің Сенаты мен Ресейдің Федерация Кеңесі арасындағы ынтымақтастық жөніндегі комиссия қызметінің нәтижелеріне және алдағы уақытта Парламентаралық ынтымақтастықты дамытудың 2025-2027 жылдарға арналған Жол картасына қол қоюдың маңызына тоқталды.

МӘЖІЛІС СУ КОДЕКСІНІҢ ЖОБАСЫН ҚАРАЙДЫ

Ерлан Қошановтың төрағалығымен Мәжіліс бюросының отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібінің жобасы нақтыланды.



Алдағы жалпы отырыста депутаттар Қазақстан Республикасы Су кодексінің жобасын және су ресурстарын қорғау және пайдалану мәселелері бойынша ілеспе түзетулерді бірінші оқылымда қарайды.

Құжат Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес климаттың өзгеруі мен көршілес мемлекеттердің саясатын ескере отырып, су заңнамасын жетілдіру мақсатымен әзірленген. Қолданыстағы кодекс 2003 жылы қабылданып, негізінен суды пайдалануға бағытталған болатын.

Кодекс жобасының негізгі ережелері еліміздің су әлеуетін сақтау және оны тиімді пайдалану үшін су ресурстарын қорғаудың басымдығын қамтамасыз етеді. Суды пайдалану лимиттерін

анықтау тетігі қайта қаралды. Ол экологиялық ағынды суды анықтағаннан кейін қалған судың көлемі шегінде есептелетін болады. Сонымен бірге экономика салаларын қайта пайдаланатын және (немесе) айналымды сумен жабдықтау бойынша жаңа норма, сондай-ақ балама су көздерін (қар суы, тасқын су, тазартылған сарқынды су) жинақтау және пайдалану саласында жаңашылдықтар енгізілуде.

Ілеспе заң жобасында 5 кодекс пен 9 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Бұдан бөлек, депутаттар халықаралық келісімдерді ратификациялауға қатысты бірқатар заң жобасын қарап, жұмысқа алады.



ЕСІРТКІ БИЗНЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРҒА ЖАЗА ҚАТАҢДАЙДЫ

Мәжілісте «AMANAT» партиясы фракциясының жиыны барысында депутаттар есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл мәселесін қарады. Негізгі талқылау тақырыбы – осы салаға қатысты заңнаманы қайта қарау, яғни есірткі бизнесін ұйымдастырушыларға тағайындалатын жазаны қатаңдату.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қоғам дертіне айналған осы қатерлі індетке, яғни есірткіге қарсы күрес жүргізу қажет екенін бірнеше рет айтқан болатын. Атап айтқанда, Атырауда өткен Ұлттық құрылтай отырысында Президент есірткі өндіретін адамдардың жазасын барынша қатайту міндетін қойып, олардың әрекетін аса ауыр қылмыстарға теңестірді.

Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов атап өткендей, осы мақсатта есірткі айналымына қарсы іс-қимыл бойынша түзетулер әзірленіп, ол бірінші оқылымда қабылданды. Атап айтқанда, есірткі қылмысының, әсіресе есірткі өндірушілер мен «наркобарондардың» жазасын қатаңдату ұсынылады. Бұл ретте Мемлекет басшысы әділ атап өткендей, ірі есірткі қылмыскерлері мен ұсақ закладчиктерге бірдей қозғарас танытуға жол берілмейді. Бүгінде есірткі қылмысы үшін сотталған 4 мыңнан астам адамның 1 300-ге жуығы закладчиктер саналады. Сондықтан Мәжіліс Спикері алғаш рет қылмыс жасаған есірткі курьерлерінің жазасын жеңілдету мүмкіндігін қарастыруды ұсынды.

«Олардың арасында жасөспірім балалар, қаржы қыспағына іліккен жастар көп. Аталғандардың алды 10 жылдан астам бас бостандығынан айырылып отыр. Шынтуайтында, оларды осы заңсыз іске тартқан есірткі өндірушілер мен закладчик-жеткізушілердің жазасы пара-пар емес. Сондықтан Мемлекет басшысы айтқандай, олардың әрқайсысын бөлек қарап, жазаларының деңгейін заң жобасының екінші оқылымына дейін қарастыру қажет. Бұл ретте есірткінің заңсыз айналымына қатысты бар құқық қорғаушыларды наркобарондарға теңестіруді және оларға өмір бойы бас бостандығынан айыруға дейін ен ауыр жаза қолдануды ұсынамыз», – деді ол.

Мәжіліс Спикері бүгінде Қазақстан есірткіні заңсыз тұтыну деңгейі жоғары елдердің қатарына кіретінін айтты. Жыл басынан бері 1 тоннадан астам «синтетика» тәркіленді. Бұл былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 56%-ға артық.

«AMANAT» партиясының Төрағасы есірткі қылмыскерлері жана ақпараттық технологияларды белсенді қолданатынына, кибербақылау жүйесін күшейту мәселесі аса маңызды екеніне назар аударды. Сонымен қатар халық арасында, әсіресе жастар арасында түсіндіру жұмысы айтарлықтай «ақсап» тұр.

«Жас азаматтар жеңіл жолмен ақша табуы ойлап, тағдырына балта шабады. Олар есірткі таратқаны, «закладка» жасырғаны үшін 10 жыл мерзімге бас бостандығынан айырылу қаупі бар екенін білмей, бас бостандығынан айыру орындарына түседі. Өткен апта басында «Закладка» деректі фильмі жарыққа шықты. Оны осы уақыт аралығында миллиондаған

адам тамашалады. Мұндай фильмдер мектептерде, колледждерде және университеттерде көрсетіліп, есірткінің қаупін ескерту керек. Мектептен үнемдегендер түрме тұрғызады деп бекер айтылмаған. Бүтіндей бір ұрпақтың шынырауға құлауына жол беруге болмайды», – деді Ерлан Қошанов.

Өз кезегінде Мәжіліс депутаты, «AMANAT» фракциясының мүшесі Снежанна Имашева есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заң жобасында атқарылған жұмыстарға тоқталды. Халық қалаулылары 50-ге жуық түзетулер енгізді, құжат сарапшылармен, ҰЕҰ өкілдерімен және Мәжіліс жанындағы Қоғамдық палата мүшелерімен кеңінен талқыланды.

«Біз Қылмыстық кодекске есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтарын заңсыз өндіру, прекурсорлардың заңсыз айналымы және өзге де әрекеттер үшін жауапкершілікті күшейтуді көздейтін бірқатар өзгерісті тұжырымдамалық түрде мақұлдадық. Бұл ретте қоғамдық емес орындарда есірткі құралдарын медициналық тұрғыдан тыс пайдалануға тыйым салу белгіленді. Заң жобасын қабылдау нашарлыққа, жалпы есірткі бизнесіне мемлекеттік және қоғамдық қарсы іс-қимыл жүйесін жетілдіруге мүмкіндік береді», – деді ол.

Фракция жиынында Ішкі істер министрі Ержан Сәденов жыл басынан бері 3,5 мың есірткі қылмысы тіркелгенін айтты. Министрдің сөзінше, синтетикалық есірткілердің таралу көрсеткіші артып барады. Егер 5 жыл бұрын заңсыз айналымнан 10 келі синтетика тәркіленсе, биыл бұл көрсеткіш 1,3 тоннаға жетті. Мұндай есірткілер көбіне интернет арқылы сатылады. Сондықтан тәртіп сақшылары сайттар мен Telegram-арналардағы жарнамаларды бұғаттау үшін «Кибербақылау» жүйесін қолдануда.

Ұлттық құрылтай мүшесі, адвокат Айман Омарова ірі есірткі өндірушілер мен делдалдарға тағайындалатын жазаның теңдей болуы маңызды екенін атап өтті. Оның айтуынша, қазір заңнаманы әлеуметтік әділеттілік қағидаттарына сәйкестендіру қажет.

Үкімет және құқық қорғау органдарының өкілдері депутаттармен бірге есірткіге қарсы күрес саласындағы өзекті мәселелерді шешуге арналған заң жобасында қарастырылған тәсілдер мен нақты нормаларды талқылады. Олардың ішінде тақырыптық әлеуметтік зерттеулер жүргізу, кибербақылау жүргізу үшін жасанды интеллектті пайдалану, есірткіге тәуелділерді оналтуға көмек көрсету және басқа да мәселелер бар.

Жиынды қорытындылай келе, Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов барлық ұсыныс ескерілген заң жобасы Мәжілістің алдағы пленарлық отырысында талқыланытынын атап өтті.



СЫР ӨҢІРІ КӨШ БАСТАП ТҮР

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы орталық коммуникациялар қызметінің көшпелі брифингі Қызылордада ұйымдастырылып, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша хабарлама жасады.

А Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ, Қызылорда облысы

Жалпы, биылғы 10 айдың қорытындысымен Сыр өңірі макроқорсеткіштер бойынша көш бастап тұр. Облыс бюджеті молайып, 744 млрд теңгеден асады.

Облыс әкімі өз хабарламасында өңірде атқарылған жұмыстар мен мақсат-міндеттерді егжей-тегжейлі баяндады. Алдағы уақытта атқарылар жобаларға да кеңінен тоқталды.

«Бүгінде Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауының арқасында облысымыздың бюджеті өсті. Осыдан екі жыл бұрын 364 млрд теңге болса, биыл 744 млрд теңгеден асты. Соның негізінде осы жылдың 10 айының қорытындысымен облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуында өсім қалыптасты. Өңірлер арасында көшбасшылар қатарынан көріндік. Атап айтсақ, өнеркәсіп өндірісі – 0,8, өңдеу өнеркәсібі – 22,8, ауыл шаруашылығы – 3, құрылыс жұмыстарының көлемі – 50, тұрғын үй – 7,4, көлік – 3,5, сауда 6,5 пайызға өсті. Биылға жоспарланған 517 млрд 500 млн теңге инвестицияның 478 млрд 300 млн теңгесін 10 айда тарттық. Оның 74 пайызы – жеке инвестиция-

лар», – деді Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев.

Аймақ басшысы атап өткендей, соңғы 2 жылда өңірде құны 19 млрд 600 млн теңге болатын 22 инвестициялық жоба іске қосылған. Биылдың өзінде өңдеу өнеркәсібінде 10 млрд 700 млн теңгенің 13 жобасы жоспарланған. Бүгінде 9 жоба қолданысқа берілген.

Облыста өңдеу өнеркәсібін дамыту арқылы өңір экономикасын әртараптандыру жұмыстары да қолға алынған. Осылайша, мұнай қорының сарқилуы салдарынан соңғы 10 жыл бойы төмендеу тенденциясын көрсетіп келген өнеркәсіп өндірісі кейінгі жылдары қыркүйек айынан бастап он динамикаға шығып отыр.

Жалпы, Сыр өңірінің дамуына ерекше серпін беретін игі бастамалар аз емес. Жуырда ғана бой түзеген жаңа әуежай терминалы, теннис орталығы, «Жайлы мектеп» бағдарламасы шеңберінде қолданысқа берілген алғашқы білім ордасы, шыны зауыты – соның айқын көрінісі.

Көшпелі брифингте аймақтық және республикалық басылымдар мен телеарналар журналистері екі сұрақтан қойып, көкейдегі мәселеге тұшымды жауаптарын алды.

ШАПАҒАТ

23 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

«Кедергісіз келешек» жобасы аясында «АМАНАТ» партиясының қолдауымен жыл сайын Қазақстан мүгедектер конфедерациясы ұйымдастырып келе жатқан «Жан Шуақ» қоғамдық марапаты – жанды жадыратып, адамдарды жақындастыра алатын игілікті, ізгі істердің бірі. «Жан Шуақ» ерік-жігері мен күш-қайратын қамшылап, таптаурын көзқарастарға төтеп бере білген жандардың еңбегі мен ерлігін бағалап, қошеметке бөлеудің жарқын үлгісі. «Жан Шуақ» 2008 жылдан бері 90-ға жуық адамның жанына шуақ сыйлапты.



Әр адамға тең мүмкіндік қағидасына құрылған жобаның кезекті салтанатты рәсімін Қазақстан мүгедектер конфедерациясының президенті Жанат Омарбекова құттықтау лебізімен ашты.

– Біздің басты міндетіміз – мүгедектігі бар адамдардың қоғаммен біте қайнасып кетуіне көмектесу, әлеуетін ашу, іске асыратын жаңа мүмкіндіктер беру және олардың айналадағы адамдарға қажет әрі белсенді болуға деген ұмтылысын қолдау, дамуға және алға ұмтылуға деген шешімін жан-жақты ынталандыру, – деді ол.

Мәжіліс Спикері, «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов ерекше қажеттілігі бар азаматтардың тұрмысын жақсарту мәселесі Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың назарында екенін атап өтті.

– Қоғамның жетілу деңгейі, адами, азаматтық жауапкершілігі оның ерекше қажеттілігі бар адамдарға деген көзқарасымен өлшенеді. Елімізде бұл көзқарас оң бағытқа қарай өзгеруде. Осы өзгерістердің өзегінде ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың әлеуметтік тұрғыда Әділетті Қазақстанды құруға бағытталған саясаты жатыр. Біз ұзақ уақыт бойы мүгедектігі бар адамдар тек қорғау мен көмекті қажет етеді деген таптаурын қағидамен өмір сүрдік. Дәл қазір бұл стереотиптердің мәні жойылуда, – деді Ерлан Жаканұлы.

Халықаралық мүгедектігі бар адамдар күні аясында жыл құрғатпай өткізілетін марапат рәсімінің маңызы мен мәніне тоқталған Төраға «Жан Шуақ» сыйлығына қатысушылар – ерік-жігер мен ұлтжандылықтың нағыз үлгісін көрсетіп келе жатқан жеңімпаздар екенін жеткізді. Оған – ұлттық құраманың биылғы Паралимпиадада табысты өнер көрсетіп, Париж төрінде спортшыларымыздың 9 мәрте жеңіс тұғырына көтерілгені айқын дәлел. Президент осы толағай табысты де ерекше атап өтіп, ел мерейін асырған барлық Параолимпиада жүлдегерлері мен бапкерлерін мемлекеттік ордендермен марапаттаған-ды.

Ерлан Қошанов өз сөзінде «АМАНАТ» партиясының «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру аясында мүгедектігі бар адамдардың тауарлар мен қызметтерге тапсырыс беруіне арналған Аleshmet қосымшасы іске қосылғанын,

ЖАН ЖЫЛУЫ

«Жан Шуақ»



сондай-ақ ерекше қажеттілігі бар 15 мыңға жуық адам жұмысқа орналастырылғанын атап өтті. Сонымен қатар «Кедергісіз келешек» жобасы аясында осы жылдың өзінде 4 мың әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы нысандары мүгедектігі бар азаматтарға сай бейімделгені туралы айтты.

– Екінші жыл қатарынан Мәжілісте «Инклюзивті Парламент» депутаттық тобы жұмыс істеуде. Оның құрамында Парламенттің 20-ға жуық депутаты бар. Олар ауқымды жұмыс атқарып, нәтижесінде тұрғын үй саясаты жөніндегі заңда мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар бала асырап отырған отбасылардың тұрғын үй алуына бірінші кезекте құқық беру көзделді, мүгедектігі бар адамдарды колледж-

дерге қабылдау квоталарының саны ұлғайтылды. Биыл Мемлекет басшысы мәжіліспен әрі «Инклюзивті Парламент» депутаттық тобының мүшесі Кенжеғұл Сейтжанды Халықтың әлеуметтік жағынан осал санаттарының құқықтары жөніндегі уәкіл лауазымына тағайындады, – деді Е.Жаканұлы.

Ал Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы мүшесі, Наталья Дементьеваның айтуынша, партияның Әйелдер қанаты инклюзивті қоғамды қолдау бағытында да көптеген іс-шара атқарып жатыр.

– Қазақстан мүгедектер конфедерациясы мен «АМАНАТ» партиясының Әйелдер қанаты тығыз байланыста. Мысалы, мүмкіндігі шектеулі ерекше дарынды адамдарды қолдау мақсатында «Тең мүмкіндіктер әлемі» балалар инклюзивті спорттық фестивалін республикамыздың барлық аймағында өткізуді қолға алдық. Желтоқсанның екісі күні Астанада қорытынды республикалық фестиваль өткіземіз. Инклюзивті спорт фестивалі – бұл ерекше қажеттіліктері бар оқушылар мен дені сау балалар арасында достық және ұзақмерзімді байланыс орнатуға бағытталған спорттық бұқаралық іс-шараларды өткізудің жаңа тәсілі. Бұл жобаларды іске асыру инклюзивті қоғам құруға ықпал етеді, яғни мүмкіндігі шектеулі балалар интеграцияланған, олардың әлеуметтік дағдылары барынша дамыған, қауіпсіз орта мен барлығы үшін

Олар: «Күш-жігері және жеңіске талпынысы үшін» сыйлығының иегері – Давид Дегтярев, Қазақстан тарихындағы тұңғыш екі дүркін Паралимпиада чемпионы, пауэрлифтер.

«Мүгедектігі бар адамдардың ғылым мен білім беру қызметін дамытуға қосқан үлесі және оқуға талпынысы үшін» сыйлығының иегері – Ермек Бәкиев бес жыл бойы «Отырар» телеарнасында «Ерекше жандар» бағдарламасының жүргізушісі бола жүріп, мүгедектігі бар адамдардың шығармашылығы мен жетістігін насихаттады, Шымкент қаласының тұрғыны.

«Кәсіпкерлік қызметті дамытуға қосқан үлесі үшін» сыйлығының иегері Жәнісгүл Дәулетова әйгілі колөнер шебері, 20 жылдан бері көрпе, жастық және қазақ халқының ұлттық киімдерін тігумен айналысып келеді, Алматы облысы М.Түймебаев ауылының тұрғыны.

«Мүгедектігі бар адамдарға қатысты қоғамдық сананың оң өзгеруіне қосқан үлесі үшін» сыйлығының иегері – Нұрлан Сыздықов, қоғам қайраткері, ерекше қажеттілігі бар адамдарға арналған көпшілік жарыстардың қатысушысы және ұйымдастырушысы, Астана қаласының тұрғыны.

«Өнер саласындағы үздік жетістіктері үшін» сыйлығының иегері – Абылайхан Асылбай, Зергер – «ЭКСПО – 2017» республикалық сәндік-қолданбалы өнер шеберлері байқауының финалисі, Семей қаласының тұрғыны.

«Мәдениет саласындағы үздік жетістіктері үшін» сыйлығының иегері – Sensitive есту қабілеті бұзылған бишілер театрының шығармашылық ұжымы. Солтүстік Қазақстан облысының ансамблі 18 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Осы уақыт аралығында олар Қазақстанда ғана емес, әлемге танымал ұжымға айналды. Биыл Франциядағы халықаралық фестивалда Sensitive Канн шығармашылық өнер фестивалінің үздік хореографиялық ұжымы ретінде танылды.

«Спорт саласындағы үздік жетістіктері үшін» сыйлығының иегері – Гүлім Құрманбаева, Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы, Азия паралимпиада ойындарының қола жүлдегері, Ақтөбе облысы Қандыағаш қаласының тұрғыны.

Қоғамдық қызметтегі еңбегі үшін Иран Омарбеков атындағы қордың арнайы сыйлығымен Қызылордадан келген блогер Зәуре Өксімбаева марапатталды.

Салтанатты рәсімнен кейін жүлдегерлерді тамаша жеңістерімен құттықтап, сөзге тартқан едік. 26 жасында параспортка келген Гүлім Құрманбаева былтыр «Жан Шуақ» марапатына қонақ ретінде қатысып, сол кезде «Келесі жылы мен де үміткер боламын, қалайда мақсатыма жетемін» деп ой түйгенін айтты.

– Қазір спортта жүргеніме он жылдан асып барады. Спортқа келіп, өмірден өз орнымды таптым. Спорт саласы бойынша оқу оқып, білім алдым. Болашақта бапкер бола аламын. Бірақ қазір шәкірт тәрбиелеуге дайын емеспін. Әлі де өзімді шыңдауым керек.

Аптасына төрт рет, үш-төрт сағаттан жаттығамыз. 2019 жылы Шымкенттің өзі сияқты тағдырлас жігітіне тұрмысқа шықтым. Ол кісі қазір менің мотиваторым. Спортты жалғастыруыма рұқсатын берді. Биыл сәті тұсып, марапатқа іліктім. Бұл сыйлық менің осы уақытқа дейін атқарған еңбегімнің, төккен маңдай терімнің нәтижесі деп білемін. Мұнда әр облыстан ең мықты деген жандар келіп жатыр. Солардың арасында болғанымға қуаныштымын, – деді Гүлім Құрманбаева.

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ



ТҮЙТКІЛ

23 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

(Басы 1-бетте)

А Айхан ШӘРІП

Сол кездегі Білім және ғылым министрі Аслан Сәрінжіпов (2013–2016) «Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын» өз бұйрығымен тек 2016 жылғы 21 қантарда бекітті. Содан бері оны дамыту мәселелері Үкімет отырысында үнемі талқыланып, тиісті бума-бума құжаттары қабылданды. Дуалы сөздей сенім-үмітпен ауызға алынатын дуальды білім беру бергінде мәнін жоғалтып, сәнді болудан қалды.

Салаға арналған қазіргі мемлекеттік бағдарламаның атауында, тіпті «дуальды» деген сөз де жоқ. Ел Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысымен «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді (ТжКБ) дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» бекітіліп, қолданысқа енгізілді.

Онда «Дуальды оқыту» деген шағын тарау бар. «Дуальды оқытуды одан әрі кеңейту және кәсіпорындардың ТжКБ ұйымдарына қамқорлығын дамыту үшін жұмыс берушілермен өзара іс-қимылды нығайту жөніндегі жұмыс жалғасады», — деп қысқа қайрылған. Бұрынғыдай басымдық беріп, екпін түсіру жоқ, әйткенмен, одан бас тартылмайтыны байқалады.

Тұжырымдамада бұған қатысты жалғыз ғана көрсеткіш бекітілген. Нысаналы 16-шы индикаторға сәйкес, «Дуальды оқытумен қамтылған, мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алатын техникалық және кәсіптік білім беру студенттерінің үлесі» 2023 жылғы 25%-дан 2024 жыл қорытындысында — 28%-ға, ақырғы 2029 жылы — 40%-ға дейін жеткізілмек. Оған Үкімет өзін емес, министрді емес, жергілікті әкімдер мен «Атамекен» өңірлік палаталарын жауапты етіп белгіледі.

Бұл мақсатқа жету үшін осы екеуінің жауапкершілігімен 2 шараны жүзеге асыру ғана қарастырылыпты. Біріншіден, «Мамандықтар мен біліктіліктердің бөлінісінде студенттерді дуальды оқытумен қамтуды арттыру үшін ТжКБ ұйымдарының кәсіпорындармен ұзақмерзімді әріптестігінің өзара іс-қимыл спектрін кеңейту». Екіншіден, «Дуальды оқыту шеңберінде студенттердің кәсіби практикасын сапалы ұйымдастыру үшін тәлімгерлік мектебін дамыту (педагогикалық дағдыларға оқыту)». Осы мақсатта жыл сайын меморандумдар бекітіледі, орталыққа есеп жолданады.

Ұлттық статистика бюросының дерегіне, 2023–2024 оқу жылының басында (одан жаңа статистика шыққан жоқ) 711 дербес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары және 39 филиалы жұмыс істеді. Онда оқушылардың жалпы саны 548 мыңдай (547 994) адамды құрады.

Бұл ретте дуальды оқыту сол 700-ден астам колледждің 558-інде енгізілген. Оларға 8 013 кәсіпорын серіктес болды. Сөйтіп, қағаз жүзінде болса да, дуальды біліммен 72 098 білім алушы қамтылыпты. Іс жүзінде бұл жұмыстың үстірт, көзбояушылықпен жүргені жасырын емес.



ТЕХНИККЕ ЖАРЫҒАН ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН

Өйткені серіктес компаниялар ТжКБ ұйымдарының қамқоршылық кеңестеріне кіруге, колледж өзіне керекті кадрды нақты даярлау үшін оның оқу бағдарламасын өз қажеттіліктеріне бейімдеп қайта құруға тиіс еді. Кәсіпкерлер колледж басшыларының бұдан аттонын ала қашып, оқу процесінің маңайына жуытпай қойғанына шағымданады. Студенттерді де негізінен колледжде теориялық білім алу, сабаққа қатысу, одан қалды кітапханаларда уақыт кетіріп, іздену сияқты жұмыстармен жүктеп қояды екен. Дұрысы, шынайы дуальды оқытуда шәкірттер аптасына 1, әрі кетсе, 2 күнін ғана оқу орнында өткізіп, қалған уақытының бәрін өндірісте тәжірибе жинақтауға, еңбек етіп, біліктілік иеленуге жұмсауы қажет.

ЖҮЙЕНІ ЖОЙМАЙ, ЖЕТІЛДІРГЕН ЖӨН

Ресми мәлімет бойынша, осы жылдары жалпы саны 410 колледж серіктес 498 компания-кәсіпорынмен аталған келісім-меморандумға қол қойған. Тараптардың ондағы міндеттемелерін сақтау жағы ақсап жатқан көрінеді. Ақыры не болды?

«ТжКБ ұйымдарының экономиканың нақты секторымен, бизнеспен және қызмет көрсету саласымен байланысы тым әлсіз екені байқалады. Бұл колледждердің бизнес пен жұмысшы кәсіптерінің қозғаушы күшіне, қолөнер және кәсіпкерлік орталығына айналуы мүмкіндігін шектейді», — деп қорытынды жасады Үкімет.

Сенат депутаты Евгений Болыгертің пікірінше, дуальды білім беруден бас тартпау керек, оны жалпы емес, нақты бір кәсіпорындар үшін нысаналы түрде кадр даярлау мақсатына пайдаланған орынды.

— Озық елдер дәл осы жолды тандады. Дуальды оқытуды жаппай енгізуге Қазақстан талапты көрді. Тиісті заңнама, құқықтық базасы түзілді. Бірақ бұл модель сол бойы іске қосылмады. Өйткені колледждер, жұмыс берушілер мен мемлекеттік органдардың әрқайсысы өз жағына

тартады, өзінікін ғана жөн көреді. Мысалы, жыл сайын 274 колледж бір ғана машина жасау өнеркәсібі үшін 11 мыңнан астам маман даярлайды. Бұған жыл сайын бюджеттен 5 миллиард теңгеден артық қаржы шығындалады. Ақыр соңында түлектердің тек 20%-ы ғана өндірістен орын табады. Олардың дайындық деңгейі жұмыс берушілердің көңілінен шықпайды, — деді сенатор.

Сондықтан бір топ сенатор Үкіметке ұсыныспен шықты. Олар техникалық және кәсіптік білім беруді (ТжКБ) қаржыландыру тәсілдерін қайта қарауды, бұл саланы толығымен өндіріске бағдарлауды ұсынды. Оқу орындары өз қызметіне, оқу процесіне жұмыс берушілерді араластырып, солардың көмегімен студенттеріне практикалық білім мен нақты біліктілік берсе ғана түлектер еңбек нарығында сұранысқа ие болады.

ЕЛ ШЕТЕЛДІК ТЕХНИККЕ ТӘУЕЛДІ БОЛМАСЫН

Сенаторларға жауап хатында Үкімет басшысы Олжас Бектенов өзекті ақпаратты бөлісті.

— Колледждердің кәсіпорындармен серіктестігін күшейту, дуальды оқытуды ендіру — отандық ТжКБ жүйесін дамытудың негізгі бағыттарының бірі. Ағымдағы 2023–2024 оқу жылында республика бойынша дуальды білім 551 колледжде енгізілген. Оларда 91 021 студент қамтылған, бұл мемлекеттік тапсырыспен оқып жатқан барлық білім алушының 26%. Осы колледждер 9 100 кәсіпорынмен серіктестік құрды. Дуальды оқыту аясында кәсіпорындар студенттердің өндірістік практикасының шығынын көтереді, оларға жалақы төлейді, кейін түлектерді жұмысқа орналастыруы керек, — деді О.Бектенов.

Сонымен бірге Еңбек кодексіне енгізілген түзетуге сәйкес, дуальды оқыту аясында студенттердің практиканың өту кезеңі — 6 айдан 1,5 жылға дейінгі мерзімі олардың «жұмыс өтілі» болып есептеледі.

Сарапшылардың «меморандум-келісімдердегі міндеттемелер орындалмайды, жай көзбояушылық» деген сын-ескертпесіне үн қатқан Үкімет техникалық-кәсіптік білім беру жүйесіне егжей-тегжейлі талдау, колледждерге — инвентаризация жүргізіпті. Бұл іске жауапты мемлекеттік органдар, әкімдіктер және тәуелсіз сарапшылар жұмылдырылған. Қорытындысында саланы дамытудың басым бағыттары, қаржыландыру тиімділігін арттыру тәсілдері тұжырымдалды.

Президент Жолдауындағы тапсырманы орындау мақсатында

кәсіптік стандарттар өзектілендірілуге, бизнестің колледждерге қамқоршылығы (шефство) ұйымдастырылуға, ТжКБ ұйымдары заманауи жабдықтармен жарақтандырылуға тиіс. Мұның сыртында ілкі жобалар өндірістегі мамандарды білім беруге тартуға, машина жасау саласында түлектердің біліктілігін тану орталығын құруға, дуальды оқытуды бүкіл Қазақстанда тиімді іске асыру үшін қажетті ұсыныстарды түзуге бағытталады.



Оқу-ағарту министрлігі жанынан құрылған арнайы жұмыс тобы ТжКБ-ны трансформациялау жөніндегі Жол картасын пысықтап жатыр. Ведомство дерегіне, келесі жылға жоспарланып жатқан шаралар аясында жүйені жетілдіруге екпін түсіріледі. Атап айтқанда, колледждер салалық аккредиттеу рәсімінен өтеді, яғни олардың халықаралық, салалық кәсіби қоғамдастықтардың талаптарына сәйкестігі бағаланады. Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, бүгінде санаулы колледж ғана Шотландияның ОРІТО, Американың АВЕТ, NC-SER және басқа халықаралық, салалық стандарттар талаптарына сай кадр даярлайды. Өзгелері де солардың қатарына қосылуға тиіс.

Сондай-ақ әлемнің 70 мемлекетінде танылған ВТЕС стандартын елімізде қолдану мәселесі пысықталады. ВТЕС (Business and Technology Education Council немесе Бизнес пен технологиялық білім кеңесі) жұмысшы мамандықтарын даярлау жүйесі саналады (Кенес кезінде оның баламасы ретінде техникумдар желісі дамытылды). Онда бизнестен бастап, инженерияға дейінгі мамандықтар бойынша біліктілік-квалификация тағайындалады.

Премьер-министр бір жаналығын жеткізді. 2025 жылғы маусымға дейін үш өңірінде дуальды оқыту бойынша 3 пилоттық жоба қолға алынады. Жобалар Қостанайдың Автомобиль көлігі колледжі мен Allur, KamLitKZ кәсіпорындары, Көкшетаудағы Жоғарғы техникалық колледж бен «Тыныс» кәсіпорны, сондай-ақ СҚО-ның Б.Әшімов атындағы Петропавл машина жасау және көлік колледжі мен Class кәсіпорны базасында жүзеге асырылады.

Осы «пилоттар» аясында білім беру бағдарламалары мен

Сондай-ақ Оқу-ағарту министрлігі жаңа 2025 жылы дуальды оқыту аясында жан басына шаққандағы қаржыландыруды енгізеді деп күтіледі. ТжКБ ұйымдарын қаржыландыру тәсілдері қайта қаралады. Маман даярлау шығындарының бір бөлігі жұмыс берушілер мойнына жүктелуі мүмкін. Ведомство осы пилоттық үш колледждің оң жетістіктері бүкіл техникалық-кәсіптік білім беру жүйесіне «трансляцияланады» деп отыр.

Мемлекеттің болашағы, ел тағдыры дуальды оқытудың жақсы жолға қойылуына да тәуелді. Өйткені елде қазірден білікті техниктер жетіспейді және ол тапшылық тек ұшыға түсті. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің есебінше, 2030 жылға қарай Қазақстанға STEM-мамандықтар (science, technology, engineering and mathematics — жаратылыстану ғылымдары, технология, инженерия, математика, техникалық бағыттар үшін жалпылама термин) бойынша миллионға жуық кәсіптік-техникалық мамандар қажет болады.

Оның бәрін шетелден тасуға, бір жағынан, елге мигрант қаптап, қазіргі Еуропадағы сияқты саяси, әлеуметтік ахуал нашарлауы мүмкін. Мәселен, былтырғы жылы Қазақстанға техникалық мамандығы бар 3,4 мың мигрант келген, бұл 2022 жылға қарағанда бірден 76,4% көп! Екінші жағынан, мемлекет дамуы үшін ең маңызды мамандықтар бойынша шетелдік жұмыс күшіне тәуелді болып, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келеді. Сондықтан ол тапшылықты отандық мамандарды қарқынды даярлау арқылы өтеу мемлекеттік маңызды іске айналды.

МӘСЕЛЕ

23 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Ала жаздай тыраштан еңбектеніп, мандай терін төккен диканға бұл жағдай тағы да шығын келтірмек. Онсыз да былтыр екен астығы қоңыр күзде сибірлей жауған жаңбырдан көктеп кетіп, артынан қызып шірі бастаған соң коқысқа төккен шаруа көктемде бар жиған-терген тиын-тебенімен қоса несиеге кіріп дән екен еді. Биыл көктемде қалың елді дүрліктірген алапат топан су да жер емшегін емген дикан қауымға аса ауыр зардабын тигізген. Алайда көктем иіп, жерден беріп молынан өнім шыққанымен «сапасы жоқ» деген желеумен мол астықты іс жүзінде игеру тұтас теріскей аймақтағы шаруалардың жағдайын шатқаяқтатып жіберген...

Егін орағы аяқталмастан облыстық әкімдіктер мен Ауыл шаруашылығы министрлігі астықтың көлемі бұрын соңды болмаған рекордтық көлемде, яғни 26,5 миллион тоннаға жеткенін қуана жариялаған. Алайда бұл «біреулерге» қуаныш болғанымен, біреуге мұң болып тұр.

Ресми дереккөздерге сүйенсек, бидайдың құны өткен жылдармен салыстырғанда, 30-45 мың теңгеден, тіпті одан да көп мөлшерге арзандап кеткен. Тіпті, бар күнкөріс кәсібі тек осы егін шаруашылығымен ғана байланған, жер көлемі шағын ғана қарапайым шаруалар астықтың бағасы тым төмендеп кеткенін айтады.

**АҚМОЛАЛЫҚ
ШАРУАЛАР БИДАЙДЫҢ
ӨТКІЗЕ АЛМАЙ ЖҮР**

Алты жарым миллион тоннадан астам өнім жинағанымен алтын астығы тау-тау болып үйіліп, қайда жіберерін білмеген ақмолалық дикан көп. Ресми деректер бойынша, қазір өңірдегі ондаған элеватор аузы-мұрнынан лық толып тұр. Орташа есеппен нан қабылдау пунктері өз жүктемесінің 70 пайыздан астамына жеткен. Облыста 66 нан қабылдау бекеті тәулік бойы штаттық режимде жұмыс істегенімен, мол астықты қабылдап үлгерер емес.

— Біздің элеватор штаттық режимде жұмыс істеп жатыр. Жалпы, сыйымдылығымыз 100 мың тонна астық қабылдауға қауқарлы. Қазір 80 пайызға дейін толып тұрмыз. Астықты тәулік бойы қабылдап, кептіреміз. Күніне 70-80 кейде 100 көлікке дейін қабылдай аламыз. Бірақ мол астықтың бәрін қабылдап үлгеру мүмкін емес, — дейді элеватор өндірістік учаскесінің басшысы Галина Баранюк.

Элеваторлар астықты қабылдап жатырмыз дегенімен жергілікті шаруалар астығын тапсыра алмай, тіпті өткізе алмағанын айтып зар илейді. Қыруар астығын қайда қоярын білмей жатқан шаруаның бірі — зеренділік Қайыркен Хасенов. Биыл шағын шаруа қожалығы 8 мың тоннаға жуық астық жинаған. Астықтың бір бөлігін малға жем-шөпке арнаған шаруа қалғанын егін орағы тұсында сатып үлгерген. Бірақ өнімнің жартысы-

Мол астық жинап алғанымен, теріскейдегі шаруалардың қазіргі ахуалы мәз болмай тұр. Бітік шыққан бидайдың құны қазір диірменде үгілген дәннің қауызы — кебектің құнымен бірдей деңгейге жеткен.

**Бидайдың
ҚҰНЫ
КЕБЕКПЕН
тең**

Елнар КАБА (Қолағам)

на жуығын күні бүгінге дейін өткізе алмай отыр. Элеватор қабылдамайды. Ал нарықтағы баға кеткен шығынды да жаба алмайды.

— Қазір бірнеше элеваторлар астықты мүлдем қабылдап жатқан жоқ. Бидай мен арпаны өткізе алмай жүрмін. Астықтың бағасы 60-70 мың теңгеден аспайды. Бұл күрделі жағдай туғызып тұр. Бізге шығынымызды жапқаннан бөлек жұмысшыларға жалақы, қарыздар мен лизингтерді төлеу керек қой. Оның үстіне, өткен жылдардағы қарыздарымыз бар. Өте қиын жағдайдамыз, — дейді Қайыркен Хасенов.

Жергілікті құзырлы басқарма басшылығы егер элеваторлар астықты қабылдасам, онда мәселені шешуге көмек беретінін айтады.

— Элеваторлардың бағаны жасанды түрде төмендетіп жатқанын білу үшін тәуелсіз сараптамаға талдауға тапсырып, анықтауымыз қажет. Егер элеваторға көңілі толмаса, басқасына баруға болады. Егер элеватор бағасын төмендетсе, бізге ресми түрде жүгінуге болады. Қазір астықты тапсыруға бар жағдай жасалған. Мемлекет дикан қауымына астықты сату үшін жан-жақты қолдау көрсетуде. Астық қабылдау бекеттерінде 2,5 миллион тонна астық қабылдайтын орын бар. Бидай бағасы нарыққа тәуелді болып тұр, — дейді Ақмола облысы Ауыл шаруашылығы және жер

астықты көп қабылдамай жатыр. Қаншалықты сата алады, сол көлемде ғана қабылдайды. Бағасын әр фирмамен әртүрлі келісіп жатырмыз. Өте арзан бағаға кетіп жатыр. Нарық заңына сәйкес ұсыныс көбейген соң сұраныс азайып кетеді. Қазір ұн тартатын диірмендер шаруалардан жақсы бидайдың тоннасының өзін 45 мың теңгеден алып жатыр, — дейді «Азат және Д» серіктестігінің басшысы Марат Ахметов.

Шаруалардың айтуынша, шапасы төмендеу бидайды 20 мың теңгеге сата алмай қиналып жүргендер де баршылық. Яғни, бидайдың бағасы су тегін болып, тіпті кебекпен теңесіп кеткен. Қостанайлық шаруаның бірі Александр Бородиннің айтуынша, биыл азық-түлік келісімшарт корпорациясы бағаны өткен жылдармен салыстырғанда, 30-45 мың теңгеге төмендетіп жіберген. Мәселен, былтыр 3 клас-

емес. Элеваторлар кезексіз астық қабылдап жатыр, — дейді Қостанай облысы Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Ибрагим Бекмұхамедов.

**ТЕРІСКЕЙЛІК ДИКАННЫҢ
АСТЫҒЫ ШІРІП ЖАТЫР...**

Ал Солтүстік Қазақстан облысындағы жағдай бұдан да күрделі. Теріскейлік шаруалар элеваторларға астығын тапсыра алмағандықтан мол астық қарлы жаңбырдың астында қалып шірі бастаған. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданына қарасты Светлое селосының тұрғыны, тіпті жағдайдың аса ауыр екенін айтып, әлеуметтік желіде Президенттен көмек сұрап, бейнежазба қалдырған.

— Міне, мұнда бидай, одан әрі арпа жатыр. Осылай жиналған астықты қырманды сақтауға мәжбүрміз. Бәрі бұзылып, шіріп жатыр. Өйткені жақын маңдағы барлық элеватор толып тұр. Бидайды қабылдамайды. Вагон жоқ дейді. Былтырғы жылы да аса қиын болған. Өнімді дұрыс сата алмадық. Биыл тағы қайталанып жатыр. Бұл мәселе жылдан-жылға осылай қайталанып, шешімін таппай келеді. Күзгі егін орағы басталғанда барлық жүк таситын вагондар «жоғалып» кетеді. Элеваторлар «толып» қалады. Иә, тек мол өнім жинаған жылы дәл осылай болады. Жығылғанға жұдырық болғандай, камазшылар да жақын жердегі элеваторға жеткізіп беру үшін бидайдың әр келісіне қымбат сұрайды. Ал делдалдар, тіпті келісін он теңгеден алады. Сондықтан сізден жағдайды реттеп шара қабылдауыңызды сұраймын, — дейді кәсіпкер.

Үкімет бағаны ұстап тұру үшін дәл бүгін шаруалардан астық сатып алу үшін «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» арқылы 10 миллиард теңге жұмсау туралы шешім қабылдапты. Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаов дәл бүгін сатып алу бағасы жария болатынын мәлімдеді. Оның айтуынша, бірінші кезеңде шамамен 155 мың тонна астық сатып алу жоспарланған. Сондай-ақ министр бидайды тасымалдау шығындарын субсидиялау ережесі де бекіту кезеңінде екенін атап өтті.

P.S.

Мәселе, жыл сайын қайталанғанымен құзырлы министрліктегілер де, жергілікті әкімдіктегілер де шыбық басын «сындыра» алар емес. Бұлай жалғаса берсе, елдегі ата кәсіптің бірі — ауыл шаруашылығы күйреп кете ме деген қауіп басым. Сондықтан Үкімет пен Парламент басқа да құзырлы органдар ауыл шаруашылығын реттейтін реформалар мен заңнамаларды қолға алып, дереу шара қабылдағаны абзал.



Яғни, бидайдың бағасы су тегін болып, тіпті кебекпен теңесіп кеткен. Қостанайлық шаруаның бірі Александр Бородиннің айтуынша, биыл азық-түлік келісімшарт корпорациясы бағаны өткен жылдармен салыстырғанда, 30-45 мың теңгеге төмендетіп жіберген. Мәселен, былтыр 3 класты бидай 130 мың теңгеден қабылданды, биыл небәрі 85-90 мың теңгеге әзер өтіп жатыр.

қатынастары басқармасының басшысы Кенеш Әлімжанов.

**КОСТАНАЙЛЫҚ
ШАРУАЛАРДЫҢ ДА
ЖАҒДАЙЫ ҚИЫН**

Өңір биылғы жылы 6 миллион тоннаға жуық өнім жинаған. Мол астықты қамбауға талдауға тапсырып, анықтауымыз қажет. Егер элеваторға көңілі толмаса, басқасына баруға болады. Егер элеватор бағасын төмендетсе, бізге ресми түрде жүгінуге болады. Қазір астықты тапсыруға бар жағдай жасалған. Мемлекет дикан қауымына астықты сату үшін жан-жақты қолдау көрсетуде. Астық қабылдау бекеттерінде 2,5 миллион тонна астық қабылдайтын орын бар. Бидай бағасы нарыққа тәуелді болып тұр, — дейді Ақмола облысы Ауыл шаруашылығы және жер

— Қазір барлық элеваторлар түгелге жуық толып тұр. Оның үстіне, ұн тартатын диірмендердің өзі мол астықтан аузы-мұрнынан шыққан. Кәсіпорындардың айтуынша, қоймаларда ұн мен бидай қап-қабымен үйіліп тұр. Сондықтан ірі диірмендердің өзі

ты бидай 130 мың теңгеден қабылданды, биыл небәрі 85-90 мың теңгеге әзер өтіп жатыр. Ал қымбат болмаған соң шаруалардың көбі астықты қоймаларында сақтауға мәжбүр. Ал астықты элеваторларда кептірмесе, мол астық көктемге дейін бұзылып кетуі ғажап емес.

Бірақ қостанайлық Ауыл шаруашылығы басқармасындағылар да астықтың бұзылмайтынын, элеваторларда орын жеткілікті екенін айтып отыр.

— Жиналған мол астық бұзылмайды, далада да қалмайды. Өңірде элеваторларда орын жеткілікті. 35 лицензиясы бар астық қабылдау қоймаларының сыйымдылығы — 3 миллион тонна. Қазір элеваторларда 1,5 миллион тонна астық бар. Яғни, тек 50 пайызға ғана толған. Сондықтан элеваторлар толып астық қабылдамай жатыр деген дұрыс ақпарат

ЖАНАЗЫҚ

23 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

Алматыда халықаралық кітап және полиграфия көрмесі өтті. Көрменің алғашқы күнінде Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа», «Меня зовут Кожа» және «Балалық шаққа саяхат» атты кітабының тұсауы кесілді.

Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

Балалар әдебиетінің бәйтерегі атанған жазушының 100 жылдық мерейтойына орай «Атамұра» баспасы аталған үш кітапты арнайы сериямен жарыққа шығарды. Кітаптың тұсаукесеріне «Атамұра» корпорациясының президенті Рақымғали Құл-Мұхаммед, жазушының қызы, аудармашы Самал Соқпақбаева, Әлібек Асқаров, Әділ Қойтанов, Қайнар Олжай, Серік Қалиев, Нұржан Жанпейісов және басқа да қаламгерлер қатысып, жазушының шығармашылығы жөнінде естеліктерімен бөлісті.

— Белгілі балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың өмірге келгеніне 100 жыл толуына орай мерейтойы кең көлемде аталып отыр. Біз де осы іс-шараға қолғабысымызды тигізу мақсатында қаламгердің үш кітабын шығардық. «Менің атым Қожа» бұрын «Атамұра» баспасынан шыққан кітап. Өкінішке қарай, оқырманға таралып кетті, қазір еш жерде жоқ. Сондықтан авторлық құқықты сақтай отырып, Самал апаймен келісімшартқа отырып, төрт кітабын шығардық «Менің атым Қожа» қазақша, орысша және «Балалық шаққа саяхат» кітабы шықты. Төртінші кітап, «Балалық шаққа саяхат» орыс тіліне аударылды, Құдай каласа, ол да «Атамұра» баспасынан жақын арада шығады. Екі кітапты да орыс тіліне Самал Бердібекқызы аударды.



СОҚПАҚБАЕВ МҰРАСЫ – ОҚЫРМАНҒА ОЛЖА

кісі тек асылдың сынығы, алтынның тұяғы ғана емес, сол кітаптың қалай жазылғанын көрген, әкесінің жанында болған, — деді Рақымғали Құл-Мұхаммед.

Рақымғали Абрарұлының айтуынша, әдебиетте қанша заман өтсе де, өзінің өзектілігі мен манызын жоймайтын шығармалар болады. Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат» атты кітаптары балалар әдебиеті үшін үлкен мұра. Бұл кітаптар Франция, Түркия, Әзербайжан секілді басқа да мемлекеттерде жарық көрді. Мәселен, «Менің атым Қожа» шығармасы әлемнің 70-ке жуық тілінде «сөйледі». Осы шығарма желісімен түсірілген «Менің атым Қожа» көркем фильмі 1967 жылы Канн қаласында

бүкіл қазақ үшін ерекше, салтанатты мереке екенін атап өтті.

— Қай шығармасын алсақ та, әкем өзін жазып кетті. «Мен көзім көрген, басымнан өткен өмірдің жағдайын ғана жазамын. Тапсырыспен немесе ойдан шығарып, қияли дүние жаза алмаймын. Өзім білетін өмірді жазып, көрсетемін» деп айтып отыратын.

«Менің атым Қожадағы» Қожа — әкемнің балалық шағы. Кинода мұғалімнің сөмкесіне бақа салса, өмірінде әкемнің өзі шегіртке салған. Сөмкесінен шегіртке ыршып түскенде мұғалімнің есі шығып, шошып кетіп, әкемді директорға апарған екен. «Балалық шаққа саяхат» — сол кездегі ауыл өмірі. Жақын туыстарының ешқайсысын қалдырмай, жаман-жақсысын ешқандай өзгеріссіз күйде түгел жазған. Оған бірі қуанып, бірі ашуланыпты. Кітапты оқып отырып, сол кездегі ауыл адамдарын, әдет-ғұрпын көруге болады», — деді ол.

Сонымен қатар Самал Бердібекқызы балалық шағында есінде қалған сәулелі сәттерімен бөлісіп, кітапсүйер қауымның сұрақтарына жауап берді.

— 4-5 жасымда ата-анам жұмысқа кетіп, мені сырттан құлыптап кететін. Әбден зәрепа болған болуым керек, құлыпты

Нарынқолда тойланған 100 жылдық мерейтойда Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Райымбектей айбынды батыр мен Мұқағалидай арқалы акын шыққан өлкенің төл перзенті Бердібек Соқпақбаевтың да есімі қазақ әдебиетінің тарихына алтын әріппен жазылғанын атап өткен болатын. Сондай-ақ ол соңына қалдырған мұрасы ұлттың рухани қазынасына айналған көрнекті тұлғалардың есімін ұлықтау және олардың өнегелі өмірін кенінен зерделеп, дәріптеу аса маңызды екенін айтқан-ды.

Естеріңізде болса, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өскелең ұрпақтың бойында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру үшін «Балалар кітапханасы» бағдарламасын жасақтап, жоба аясында қазақ әдебиетінің түрлі кезеңі мен жанрын қамтитын кітаптардың арнайы тізімін құрып, олардың балаларға қолжетімді болуы керектігі туралы тапсырма берген еді. Президент идеясына орай биыл «Ұлттық кітап күні» бекітіліп, қазақтың қабырғалы қаламгерлерінің шығармаларын насихаттауға, оқырман тартуға бағытталған шаралар кешені қолға алынды. Сондықтан жылдар жылжып, заман өзгерсе де оқырманның іздеп жүріп оқитын кітаптарды «Атамұра» баспасы сияқты қайта-қайта жарыққа шығарып, үнемі түгендеп отырудың жөні бөлек. Әсіресе, жоқтаушысы жоқ, туған ұл ұқпаса да түгел қазаққа қажет туындылардың қатталып, халықпен қауышқаны керек-ақ.

Ал заманауи кітаптарды кенінен тарату, отандық кітап ісін нығайту, баспагерлер мен



Кейде қанша уақыт, қанша заман өтсе де құндылығын жоғалтпайтын, оқырманы іздеп жүріп оқитын кітаптар болады. Бердібек Соқпақбаевтың шығармалары — осы еңбектердің қатарында. Google-ден қарасаңыз, автордың кітабы 68 тілге аударылған деген жазба бар. Ал Самал апайдың айтуынша, бүгінде 68 емес, қаламгер туындылары 80-ге жуық тілге аударылған.

— Екі кітаптың мұқабасы да тамаша шықты. Мұқабаны жасар алдында қазақтың үлкен суретшісі Досбол Қасымовқа арнайы тапсырыс беріп, «Менің атым Қожадағы» фильмнен салғыздық. «Балалық шаққа саяхат» кітабының мұқабасына қазақтың белгілі суретшісі Мейіржан Нұрғожиннің еңбегін пайдаландық. Кітапты шығарар алдында арнайы кездесіп, сөйлестім. Самал апай әр кітаптың қай жерде, қалай жазылғанын бәрін айтып, түсіндірді. Бұл

өткен балалар мен жасөспірімдерге арналған халықаралық кинофестивалінде дипломант атанып, үлкен марапатқа ие болды. Адамның жан дүниесін асқан шеберлікпен аша отырып, қазақтың жазба әдебиетінде соны соқпақ салған суреткердің мерей-тойын биыл ЮНЕСКО тойлап жатыр. Өзінің туған жерінде Нарынқолда еңселі ескерткіш тұрғызылды. Өзіне ғана емес, Б.Соқпақбаевтың қаламынан туған кейіпкеріне де ескерткіш орнатылды. Бүгінде кітапсүйер қауымның көзайымына айналып, Астана төрінде қасқайып тұрған Қожаның мүсіні Соқпақбаев шығармашылығының ұлт руханиятында шоқтығы биік екенін көрсетеді.

Шынайы шығармалары арқылы туған халқының шоқ жұлдызына айналған қарымды қаламгер, классик жазушының қызы Самал Соқпақбаева әкесінің 100 жылдық мерейтойы отбасы үшін ғана емес,



Кейде қанша уақыт, қанша заман өтсе де құндылығын жоғалтпайтын, оқырманы іздеп жүріп оқитын кітаптар болады. Бердібек Соқпақбаевтың шығармалары – осы еңбектердің қатарында. Google-ден қарасаңыз, автордың кітабы 68 тілге аударылған деген жазба бар. Ал Самал апайдың айтуынша, бүгінде 68 емес, қаламгер туындылары 80-ге жуық тілге аударылған.

пештің ішіне күлге көміп, тығып тастаппын. Ол жаз мезгілі еді. Бір күні анам күлдің ішіндегі құлыпты тауып алған көрінеді. Бердібектің бір шығармасы осы оқиғаға байланысты жазылған, — деп еске алды.


Көзіқаракты оқырман қайта-қайта оқудан жалықпайтын мәңгілік мұра қалдырған сөз зергерінің қай шығармасын алсақ та шынайы, жанымызға жақын. Балғын балалық шақтың бал қызықтарымен баурап, өз иіріміне тарта түсетіні шындық.

полиграфистер арасында тәжірибе алмасу және ұлттық кітап нарығында отандық өндірушілерді қолдау мақсатында Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен «Атакент-Экспо» халықаралық көрме компаниясы ұйымдастыратын «Ұлы Жібек Жолымен» халықаралық көрме еліміздің руханияты мен мәдениетінің дамуы үшін жасалған игі қадамдардың бірегейі екені даусыз.

ОЙТОҒЫС

23 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

Биыл қазақ театр сахнасында қайталанбас рөлдері арқылы көрермен жүрегінен орын таба білген актер, сәулелі ғұмырын театр мен кино саласына арнаған өнер майталманы Сағызбай Қарабалин жетпістің белесіне шықты. Терең әрі мазмұнды қойылымдарда сомдаған рөлдері арқылы көпшіліктің ықыласына бөленген актер бүгінде Алматы шаһарындағы Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында жемісті еңбек етіп келеді. Таяуда ғана Сағызбай атамның мерейтойы аясында актер шығармашылығына арналған «Бекзат болмыс иесі. Масадан корольге дейін...» атты зерттеу кітабы оқырман қауымға жол тартты. Бүгінге дейін Сағызбай ата киноиндустрияда «Алпыстан асып барамын», «Первый отрицательный», «5.32», «Жат бауыр-2», «Жел тоқтаған жер», «Слово офицера», «Күй ғұмыр», «Жезтырнақ», «Сәке 2», «Ва банк», «Слепой эстошник» және тағы басқа фильмдер мен телехикаяларда сомдаған ерекше рөлдерімен танылды. Біз де айтулы мерейтойына орай театр саңлағы Сағызбай Қарабалинмен кездесіп, сүбелі сұхбат құрып қайтқан едік.



— Сағызбай ата, биыл саналы ғұмырыңызды өнер жолына арнағаныңызға 45 жыл уақыт өтті. Осынау жарты ғасырға жуық уақыт ішінде өзін-өзі қалыптастырған Сағызбай Қарабалиннің өнердегі алғашқы қадамы қалай басталды? Өзіңізді арманы орындалған бақытты актермін деп есептейсіз бе?

— Менің өнердегі алғашқы жолым 1971 жылы Қуыршақ театрынан бастау алған еді. Сол жылдары «Қазақфильмнің» кешкі актерлік курсына оқуға түстім. Ал күндіз күнкөріс қамымен жұмыс істеуге тура келді. Осы уақыт аралығында театр өнеріне деген талпыныс басталды. «Қазақфильмде» оқып жүрген уақытта сол жылдары түсірілген режиссер Болат Мансұровтың «Құлагер» фильміне, кейіннен «Көксерек» фильмінің түсіріліміне қатыстық. Қарап отырсам, екі жылғы өмірім құрылыс немесе өзге салада емес, өнер жолында өтті. 1973 жылы елімізге Мәскеуден М. Щепкин атындағы жоғары театр училищесі бір топ қазақстандық студентті оқуға қабылдауға келді. Нәтижесінде, сол жылы мен аталған театр училищесіне оқуға түстім. Мәскеуде бес жыл бойы білім алып, оқуды тәмамдаған соң 18 баланы Арқалыққа (Торғай облысы) жіберді. Өнердің нағыз жанашырына айналған Өзбекәлі Жәнібеков бізді театрға апарғаны есімде. Кейін 1988 жылы Торғай облысы таратылған соң театр Жезқазған облысына көшірілді. Ол қазіргі Серке Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық драма театры. Мен мұнда 20 жыл бойы қызмет еттім. Арман ешқашан таусылмайды. Бір арман орындалса, екінші жаңа арман пайда болатыны рас. Әсіресе, театр өнерінде қызмет ететін шығармашылық актердің арманы ешқашан таусылмайды деп ойлаймын. Арман тоқтаса, демек шығармашылық тоқтады деген сөз. Кезінде 40 жылға жуық уақыт бойы режиссер Жанат Хаджиевтің қасында болдым. Оның мынадай бір қанатты сөзі бар: «Актерді өлтіру үшін рөл бермей қойсаңдар болды». Актерге ешқандай рөл берілмесе, уақыт өте келе ол өше береді. Сондықтан актердің өмірі — сахна.

РӨЛДЕРІМДІ ХАЛЫҚ ДҰРЫС ҚАБЫЛДАСА — МИССИЯМНЫҢ ОРЫНДАЛҒАНЫ

— Жакында мерейтойыңызға орай Бейбіт Әлкееваның «Бекзат болмыс иесі. Масадан

Сағызбай ҚАРАБАЛИН,
актер, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі:

АДАМНЫҢ КӨЗІ — ДҮНИЕДЕГІ СЕЗІМДЕРДІ

корольге дейін» атты зерттеу кітабы жарық көрді. Әріптестеріңіз сіз туралы «Сағызбай Қарабалин әзірге шығармашылық жолында «тоқтайтын» актер емес. Күн сайын жаңа қойылымдарда көрініп жүр» дейді. Театр саңлағын өнерде «тоқтатпауға» себеп болған өмірлік миссияңыз қандай? Өнердегі жүріп өткен жолыңыз арқылы басты месседжіңізді көрермен санасына жеткізе алдым деп ойлайсыз ба?

— Бұл тұста көрерменнің қойылымды қабылдауына байланысты деп ойлаймын. Егер көрерменнен кері байланыс болмаса, біз рөлімізді ойдағыдай сомдай алмағанымыз немесе шығармамызды көрермен жүрегіне жеткізе алмағанымыз, көңілінен шықпағанымыз деп білемін. 70 жасқа таяған шағымда өмірімде жаңа дәуір басталғандай күй кештім. 2020 жылы Ғабит Мүсірепов театрына қызметке келген режиссер, көркемдік жетекші Фархад Молдағали мені көріп, кейіннен «Лир патшамды таптым» деп айтатын. Бұл кездері Азамат Сатыбалды театрымызға директор қызметіне тағайындалған еді. Ол Фархад Молдағалиды Сәбит Мұқанов атындағы Петропавл облыстық музыкалық драма театрынан Алматыдағы Ғабит Мүсірепов театрына ауыстырып, көркемдік жетекші ретінде жұмысқа орналастырды. Фархад Мәскеу сахнасында Шекспирдің «Лир патшасын» Константин Райкин сомдағанын көрген екен. Шығарманы ұнатқан Фархад алдына «Қалай болса да, мен осы қойылымды сахналауым керек» деген мақсат қойды. Осыдан кейін ол маған Лир патшаның рөлін ұсынды. Лир патшаның рөлін сомдау деген — бақыт. Ал сондай ерекше бақыт маған да бұйырды. Шынында,

2020 жылдан бастап мен үшін бөлек кезең басталғандай. Менің рөлдерімді халық дұрыс қабылдаса, көңіліне қонса — миссиямның орындалғаны.

РӨЛДЕРДІҢ ЕШБІРІ БОЛМЫСЫМА САЙ КЕЛМЕЙДІ

— Өнер — актер үшін өзін-өзі танудың құралы бола ала ма? Бүгінге дейін сомдаған рөлдеріңіз арқылы өзіңізді танып, терең болмысыңызды толық аша алдым деп санайсыз ба?

— Мен сомдаған рөлдердің ешбірі болмысыма сай келмейді. Театр мен кино сахнасындағы рөлдерде мен басқа адаммын. Осыған дейін сомдаған бірде-бір рөлімнің өмірім мен жеке болмысыма ешқандай ұқсастығы жоқ. Әрбір рөліме дайындық барысында кейіпкердің табиғатын зерттеймін, оның ойын, әдет-ғұрпын, қимылын, жүрген жүрісі мен сөйлеген сөзін бойыма қалыптастырамын. Бірақ рөл қалыптасқан кейіпкерден емес, менің бойымнан шығуы тиіс.

— Өзіңізді театр сахнасында ғана емес, кино саласында да бір-біріне ұқсамайтын әркілі образдарыңыз арқылы жақсы білеміз...

— Кейінгі кездері кинорежиссерлер мені көбіне мистикалық фильмдерге жиі шақыратынын байқаймын. Мәселен, олардың қатарында «Жезтырнақ», «5.32» және т.б. туындылар бар. Шынымды айтсам, бастапқыда «5.32» веб-сериалында қанішердің рөлін сомдауға қарсылық білдірдім. Себебі әр рөлді ойнау үшін кейіпкердің мінез-құлқын барынша бойыма сіңіруге

тиіспін. Сол кейіпкерге айналып, оның ойымен жүрім қажет. Бірақ рөлді сомдап болғаннан кейін кейіпкердің мінез-құлқын бойымнан алып тастаймын. Веб-сериал режиссері Әлішер Утевтің өзі хабарласып: «Аға, сіз Голливудтың туындыларын қараңызшы. Әлемге әйгілі актерлер кинода қанішердің де рөлін сомдайды. Бұл — мамандық. Сіз бұл рөліңіз арқылы қанішерге айналып кетпейсіз», — деді. Осыдан кейін мен веб-сериалға түсуге ұсынысты қабыл алдым. Маған берілген рөл өз жан дүниемнен шынайы шыққанға дейін мен кейіпкердің образын сырттан іздеймін. Осылайша, мен рөлдімі әрі қарай дамытамын.

АЛА СӨМКЕ АРҚАЛАП КЕТКЕН КЕЗДЕР ДЕ БАСТАН ӨТТІ

— Осы ретте бүгінгі киноиндустрия тынысына тоқталсақ, сонау 90-жылдардағы қазақ киносының ахуалын да өз көзіңізбен көрдіңіз. Өткенімізбен салыстырсақ, қазіргі кино саласында өрлеу бар. Дей тұрғанмен, саны артқанмен кейде сапасыз дүниелердің шеті көрініп қалатыны жасырын емес...

— 90-жылдары Қазақстан киноиндустриясы ғана емес, театр саласы да қиын жағдайға тап болды. Театрдағы қызметімізден бөлек күнкөрістің қамын ойлап ала сөмке аркалап кеткен кездер де бастан өтті. Сол жылдары театрда жаңа қойылым қоюға қаражат болмады. Театр өртістерінің айлық жалақысы небәрі 7-8 мың теңге көлемінде еді. Тіпті, осы жалақының өзін тауып бере алмайтын жағдайға жеттік. Ал қоластындағы қызметкерінің жалақысын тауып бере алмай отырған театр қалайша жаңа қойылымдарды жарыққа шығармақ? Қо-

йылымдарға театрдың бұрынғы декорацияларын қайта өзгертіп қолдану арқылы күнімізді көрдік. Бір қызығы, сол кезеңде Жанат Хаджиев «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» қойылымын, сондай-ақ атақты «Қыз Жібегін» сахналады. Ол 1986-1987 жылдары қазақ театр өнеріне реформа алып келді. 1991 жылы «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» қойылымын басқаша форматта қайта жарыққа шығарды. 2004 жылы 50 жасқа қараған шағымда Ғабит Мүсірепов театрына қызметке келсем, осы жылдан бастап менің кинодағы өмірім басталды. Өнердегі басты мәселе — сан мен сапа. Расында, алғашқы жылдары экранға шыққан туындылардың сапасы мез болған жоқ. Әлі күнге дейін ақсап келе жатқан жағдайлар бар екені де жасырын емес. Кез келген кинопродюсер, кинорежиссер болмасын өзі түсіретін фильмге актер шақырғысы келетінін, бірақ оған қалтасы көтермейтінін айтады. Сондықтан кино мен театр саласындағы көптеген мәселенің түпкі шешімі қаражатқа келіп тіреледі. Қазір «шүкір» дейміз, фильмдер мен телехикаялардың сапасы жақсарды. Мен биыл кино саласында төрт бірдей жобаға қатыстым.

— «5.32» веб-сериалында сомдаған рөліңізден кейін халық сізді қалай қабылдады?


— Шынымды айтсам, көшеде жүре алмадым (күлді). Мен қаланың сыртқы бөлігінде, ауылды жерде тұрамын. Бірер аптадан кейін веб-сериалды көрген балалар мені тани бастады. Әлі күнге дейін автобустың ішінде менен көз алмай қарап тұратындар көп. «5.32» веб-сериалы мені елге, әсіресе жас буынның арасында танымал етті. Алайда экрандағы рөлдімі сомдау мен

үшін онайға соққан жоқ. Адамның көзі – ішкі жан дүниесіндегі сезімдерді жеткізуші. Кейіпкердің қуанышы мен қайғысын бойына сіңіріп, өзін арқылы сыртқа шығаруын – көзін арқылы белгілі болады. Мен сомдаған кәсіпкердің бойында кәсіпкерлік, яғни адам қанына құштарлық сезімі бар. Оның жан дүниесі адамды бауыздап, қанның атқылағанын көргеннен ләззат алады. Түсірілім барысында мен сол ішкі күйді өн бойымнан өткізіп, барынша сезінуім қажет болды. Егер мен бұл сезімді сезіне алмасам, көрермен де рөлдің шынайылығына сенбейтіні анық.


ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕНІ ОРТАҒА САЛҒЫҢ КЕЛСЕ, МӘДЕНИЕТТІ ҰМЫТПА

– Қазақта «Шымшық сойса да, қасапшы сойсын» деген нақыл бар. Алайда қазіргі киноиндустрияның айналасында кәсіби білімі мен тәжірибесі жоқ әнші-блогерлер қаптап кеткен жоқ па?

– Жақында әлеуметтік желіні ашып қалсам, жас қыздар мен жігіттер мәдениетсіздік танытып, әкімді жағасынан алып жатыр. Өкінішке қарай, олар «блогер» деген атына сай келмейді. Тіптен блогер емес, құлды бір нағыз арандатушы, бүлікші секілді. Тырнақ астынан кір іздеп, өзгелерді бір-біріне айдап салады. Егер қоғамдағы өзекті мәселені ортаға салғын келсе, ең бастысы мәдениетті ұмытпауы керек екенін айтқым келеді. Сосын тындай білу, дұрыс сөйлей білу маңызды. Елімізде блогерлердің іс-әрекетін заңдық тұрғыда бақылауға алу қажет деп ойлаймын. Олардың қоғамда өзіндік мәртебесі болғаны жөн. Ел ішінде кез келгенінің блогер атанып кетуі құптар-



ІШКІ ЖАН ЖЕТКІЗУШІ



лық емес. Өйткені олар халық арасында шындыққа сәйкес келмейтін, бізге, ұлтымызға кері әсерін тигізетін жалған ақпарат таратуы мүмкін. Бұл ретте заң органдары осы мәселеге көңіл бөлсе екен деймін. Әрине, көпшілік алдында жүрген блогердің барлығына бірдей күйе жаға алмаймын. Олардың қатарында әдепті, сауатты блогерлер де баршылық. Қазақтың ежелден келе жатқан «бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» деген макалы бар емес пе?! Бір блогердің іс-әрекетін, сөзін ұнатпаған адам екінші блогердің контентін қарағысы келмеуі мүмкін. Керісінше, екіншісі білімді болар. Сондықтан блогер ең біріншіден, мәдениетті, екіншіден білімді, үшіншіден, заңды жақсы білуге тиіс. Қазіргі киноиндустриядағы тағы бір назар аударарлық мәселе – білімі мен актерлік шеберлігі жоқ адамдарды рөлге алудың қажеті жоқ. Актер деген мамандықтың атына кір келтіретіндер бар. Осы мәселеге келгенде қарның ашады. Иә, кейде нағыз тума талант, жастайынан өнерге берілген кішкентай талантты балалар кездеседі. Егер баланың білімі жоқ, бірақ кейбір кәсіби актерлерге қарағанда ішкі жан дүниесі экран арқылы көрерменге жетіп тұрса, рөлге неге алмасқа?!

– Ата, жетпістің белесіне шыққан күллі ғұмырыңызда «әттеген-айлар» көп болды ма? Өкінішпен еске алатын, орындалмай қалған арманыңыз бар ма?

– Өмір «әттеген-айларсыз» болмайды. Жұмыс барысында немесе отбасы мәселесінде қиындықтар кездесуі мүмкін. Осы күнге дейін қатты өкінішке берілетін күрделі жағдайларды бастан өткермеппін. Кейде балаларының мамандық таңдауда өз ізіңмен жүргенін қалайсың. Бірақ баланың бойында талпыныс болмаса, «өз мамандығыңды өзін таңда, ол өзін қалап таңдаған сала болсын» деймін.

– Балаларыңыз жайлы айтып қалдыңыз, білуімізше, сіз үйдің тұңғышысыз. Әулетте өнерге жақын адамдар бар ма?

– Иә, отбасымызда өнерге жақын жандар бар. Отбасымда әкем Махмет Қарабалин мен анам Ағипа Қарабалина 90 жасқа қараған шағында өмірден өтті. От-

басымызда бес ұл, бес қыз бар. Мен үйдің тұңғышымын. Менен кейін бес ұл, бес қыз туды. Бес ұлдың бірі Алмас-Болат Қарабалин жол апатына түсіп, кейіннен алған жаракатының әсерінен жас кезінде өмірден өтті. Сол інімді театрдың гастрольдік іссапарларына өзіммен бірге ертіп жүретінмін. Осының арқасында Алмас-Болат Қарабалин Бексұлтан Жакиевтің «Әке тағдыры» қойылымында Жеңісбектің қасында жүретін балалардың бірінің рөлін сомдады. Расында, ол театрға жастайынан үйір болды. Егер Алмас-Болаттың көзі тірі болса, қазір нағыз өнер майталманы, талантты актер болар ма еді?! Тіпті, менен екі есе асып түсер еді. Себебі ол өнерді менен де артық жақсы көрді. Бірақ қара шаңырақта қалатын ұл болған соң әке-шешеміз оны ешқайда жібермеді. Кейінірек Алмас-Болат ауылда бір емес, екі халық театрын ашты. Бүгінде інімнен туған балалар да музыкаға әуес. Артында қалған балалары інімнің жолын жалғады. Менен кейін өмірге келген Жолдас есімді інімнің ұлы Әсет Қарабалин қазір «Заман» тобының әншісі. Қазір ұлым театрда дыбыс режиссері қызметін атқарады. Әзірге әулетімізде актер атанған ешкім жоқ. Шын мәнінде, актерлік өнер – оңай мамандық емес. Актер болу үшін балаларым менің өмір жолымдағы баспалдақтардан өтуі қажет. Сонда ғана өзін ойлаған мақсатқа, нәтижеге қол жеткізуің мүмкін.

АУЫЛДЫ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДЕ НАҒЫЗ ТАЛАНТТАР КӨП КЕЗДЕСЕДІ

– Ата, өнер әлеміне қадам басқысы келетін, актер болуды армандайтын өскелең ұрпаққа қандай ақыл-кеңесіңізді айтар едіңіз? Актердің бойынан табылуға тиіс маңызды үш қасиетті атап көрсете аласыз ба?

– Бұл мамандықтың тереңдігін бірер сөзбен айтып жеткізе алмайсың. Актерге қажет қасиеттер баланың өне бойында жас кезінен бастап қалыптасады. Ішкі жан дүниесі осы бір өнерге жетелейді. Өкініштісі, бойында актерге қажет қабілет пен таланты бар кейбір адамдар өз жолын таппай, басқа салаға бет бұрып жатады. Әсіресе, ауылды елді мекендерде нағыз таланттар көп кездеседі. Актерге қажет негізгі үш қасиет: көре білу, ести білу, сезе білу. Көрген сәтте жай ғана қарау емес, адамның ішкі жан дүниесінің сезімін көре білу қажет. Жоғарыда аталған үш сезім актерлік өнерде маңызды орынға ие. Сахнада актерге қажетті тағы бір маңызды үш әрекет бар: сөз әрекеті, ой әрекеті, іс-қимыл әрекеті. Бұл әрекеттерсіз қойылым сәтті жүзеге аспайды.

– Әңгімеңізге рақмет! Ғұмырлы болыңыз!

Сұхбаттасқан
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

РУХАНИЯТ

23 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

Мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында елдегі креативті индустрияны дамыту жөнінде бірқатар тапсырма берді. Бұл орайда Мәдениет және ақпарат министрлігінен арнайы департамент ашылып креативті индустрияны дамыту бойынша арнайы тұжырымдама қабылданған болатын. Құжатта креативті индустрияның Қазақстан экономикасына қосар үлесін 2025 жылға қарай 5%-ға, креативті индустрияларда жұмыспен қамтуды 4%-ға дейін ұлғайту көзделген болатын. Сенат депутаты Айгүл Қапбарова Мәдениет және ақпарат министрлігіне креативті индустрияның маңызды саласының бірі – шетелдік блокбастерлерді қазақ тіліне дубляждау мәселесі аясында сауал жолдаған болатын.

А Эсет ҚАЛИ

Жыл сайын шетелдік 15 фильмді қазақ тіліне дубляждауға мемлекеттік қолдау арқылы бюджеттен шамамен 443 млн теңге бөлінген. Алдағы 2025-2027 жылдарға осы мақсатты жүзеге асыруға жоғарыда аталған сома көлемінде қаражат тағы көзделіп отыр. Алайда 2023 және 2024 жылдары аталған қаражат игерілмей, толығымен бюджетке қайтарылған, яғни мемлекет қолдауымен соңғы екі жылда бірде-бір шетелдік фильм қазақ тіліне аударылмады, көрерменнің әлемдік танымал кинотуындыларды ана тілінде көру құқығы ескерілмей отыр. Осы орайда сенатор Айгүл Жарықасынқызы жауапты министрліктен қаражаттың қатарынан екі рет бюджетке қайтару себебін және алдағы жылдарға қарастырылған бюджетті игеру бойынша жоспарларын сұраған еді.

Бұл сұраққа Мәдениет және ақпарат вице-министрі Қанат Ысқақов жауап берді. Ол қаражаттың игерілмей жатқанын растады. Оның айтуынша, расында да, былтыр министрлік Голливудтың 15 блокбастері мен анимациялық фильмдеріне қаражат бөлген. Алайда тиісті аудару жұмыстары жүргізілмеген. Сондықтан бұл қаражат бюджетке қайтарылған.

– Басты себеп – ең алдымен, голливудтық немесе анимациялық фильмдерді қазақ тілінде аудару үшін бірнеше қатаң шарт бар. Бірақ бізде екі үлкен қиын шарт бар. Ірі дистрибуторлық компаниялар бұл шартты іске асыруға мүмкіндігі жоқ. Бірінші шарт – әрбір туынды қазақ тілінде аудару алдында онлайн сауалнама өтуі керек. Ол бірнеше айға созылады. Екінші шарт – тек үлкен рейтинг



ҚАЗАҚША

ДУБЛЯЖ

ҚАШАН ОҢАЛАДЫ?

ала алатын немесе Голливуд туындылары ғана аударылатын кино немесе анимациялық туынды болуы керек. Осы екі шартты орындау үшін 3-4 ай өтеді. Әрине, ол кезде туындының тұсаукесері де өтіп кетеді. Сондықтан министрлік Мәжіліске тиісті заң жобасын енгізіп, екі норма бойынша оңтайландыру немесе жеңілдету жұмыстарын жүргізуде. Бұл мәселені біз бақылауға аламыз. Тиісті заң-

намалық өзгерістер енгізіп, бөлінген қаражатты тиісті, орынды, нәтижелі жұмсауды мақсат етеміз, – деді Қанат Ысқақов.

Вице-министр, қазақ тіліне сұраныс көбейген соң, дистрибуторлық компаниялар фильмдерді өз қаражатына аударуды қолға алып жатқанын айтты.

Бұған дейін Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева анимациялық фильмдер мен ки-

ноларды қазақ тіліне дубляждау процесінде өзгерістер енгізілгенін хабарлаған еді. Жанашылдықтар компанияларды отандық нарық үшін сапалы контент өндіруге көбірек тартуға көмектесетінін негізге алды. Бұл мемлекеттік тілдегі контентке сұраныстың бүгінде 80% екенін ескере отырып жасалғанын атап өтті.

Министрдің сөзінше, елімізде шығармашылық индустрия қарқынды дамып келеді. Алайда осы бағыттарды дұрыс жүйелеу керек. Индустрияда анимациялық фильмдер жасайтын коммерциялық компаниялар, Ұлттық кино орталығының қолдауымен әзірленген материалдар бар. 2024 жылға дейін Мәдениет министрлігі дайын жобаларды қабылдағандықтан, олардың сапасы мен идеялық мазмұнына көп көңіл бөлінбеген. Көптеген туынды, соның ішінде анимациялық фильмдер халықаралық конкурстарға қатысу мақсатында жасалды. Арасында кең прокатқа бағытталмаған авторлық фильмдер де болды.

– Қазіргі таңда 10 тақырыптық бағытта сценарий байқауларын ұйымдастырып жатырмыз. Мазмұнды жіті бағалап, өндіріс кезеңінде сапасын бақылаймыз. Егер өнім талаптарымызға сәйкес келмесе, ол қаржыландырылмайды, – деді министр.

Аида Балаеваның айтуынша, қазақша контент сұранысқа ие болып отыр, аудиторияның 80%-ы шығармашылық өнімді мемлекеттік тілде тұтынады.

– Кино, өнер – бұл, ең алдымен, қазақ тілі және нарық та со-

қазақ тіліндегі өнімдерді қолдап, сұраныс туындатса, дубляж саласы да қарқынды дамып, мемлекеттік тілдің мәртебесі арта түседі. Сондықтан бұл мәселе шығармашылық топтардың ғана емес, жалпы халықтың да назарында болуға тиіс. Халықтың қазақ тіліндегі контентке сұранысы ел мәдениетінің дамуына жаңа серпін берері сөзсіз.

Дубляж режиссері Шах-Мұрат Ордабаев қазақ дубляж өнерінің дамуындағы негізгі мәселелер мен болашаққа бағытталған ұсыныстарды атап өтті. Оның айтуынша, дубляж – үлкен шығармашылық ұжымның еңбегі және бұл салада аянбай жұмыс істеп жүрген білікті мамандар жетерлік. Дегенмен бұл еңбекті тиісті деңгейде қолдау жетіспейді, ал дубляж заң жүзінде қорғалмаған.

– Дубляждың дамуына еңбек етіп жүрген актерлар мен аудармашылардың ізденісіне көңілім толады. Әйтсе де, отандық дубляж өнеріне мемлекеттік деңгейде қолдау аз, тіпті ол заң жүзінде қорғалмаған. Мәселен, кинотеатрлардағы шетелдік фильмдерді әрбір көрермен тұтынушы ретінде қазақша немесе орысша көруге құқылы. Осы тұста, көбінесе қазақ көрермендерінің құқы бұзылады. Яғни, осы мәселені заң жүзінде реттей алмай отырмыз. Сондай-ақ көбінесе кино компаниялар өз туындыларын қазақша түсіруге ынтылау емес. Фильмді орысша ұсынсақ, көрерменнің қарасы басым, пайда мол болады деп ойлайды. Бұл – қате түсінік. Қазір уақыт өзгерді, жыл санап мемлекеттік тілдің мәртебесі биіктеп келеді. Мәдениет саласына жауапты мамандар шетелдік фильмдерді ана тілімізде дубляждау мен отандық туындыларды қазақша түсіруге маңыз беріп, оны жан-жақты зерттеп, шешкені жөн деп ойлаймын, – дейді режиссер.

Дегенмен қазақ тіліне дубляж жасаймыз деп бөлінген қаржының игерілмей қалғаны көңілге қонымсыз. Сенатор Айгүл Қапбарова орынды мәселе көтеріп отыр. Дубляж режиссері Шах-Мұрат Ордабаев айтқандай, әрбір көрермен тұтынушы ретінде қазақша да көруге құқылы. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ тіліне дубляждау мәселесін орынды шешкен дұрыс.

АҚЫН ҚЫЗДАР – АТЫРАУДА

Көрнекті ақын, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекет және қоғам қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Фариза Оңғарсынованың туғанына 85 жыл толуына орай ақынның туған жерінде «Фариза және ақын сіңлілері» атты республикалық жыр кеші өтті. Поэтикалық кешті Атырау облыстық Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының тапсырысымен, Азаматтық бастамаларды қорғау орталығының қолдауымен Қазақстан Жазушылар одағы ұйымдастырды.

Поэзия падишасының мәңгі өлмес даңқын ұлықтауға арналған бұл жобаның авторы Фариза ақынның өзі болатын. Ақынды білетіндер оның ақиқатшыл асқақ поэзиясымен ғана емес, жас дарындарды қамқорлап, қанат бітірген бірегей болмысымен де

жақсы таныс. 2009 жылы Фариза Оңғарсынова елорда төрінде «Фаризаның ақын сіңлілері» деген үлкен кеш ұйымдастырып, оған еліміздің әр түкпірінен ақын қыздарды шақырған еді. Биыл Қазақстан Жазушылар одағы ақынның бастамасын жал-



ғастырып, Атырау қаласында Алматы, Астана, Шымкент, Тараз қалаларынан ақын қыздарды Жайық бойындағы өлеңсүйер жұртшылықпен таныстырды. Поэтикалық кеште белгілі ақындар Оңайгүл Тұржан, Жанат Әскербекқызы, Танагөз Ілиясова, Бақытгүл Бабаш, Гүлманат Әуелхан, Ғайни Әлімбаекқызы, Жанайым Ауғанбай, Эльмира Ескожаевалар өлең оқыды.

М.Асаубаева атындағы креативті орталыққа алты жүзден астам жыр сүйер оқырман жиналды. Жыр кешін Атырау облысы әкімінің орынбасары Дарын Шамұратов ашып, Фариза ақын туған өлкенің атынан ұйымдастырушыларға алғыс білдірді. Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма төрағасы Мереке Құлкенов ақындарды құттықтап, алғысхаттар табыс етті. Кеште

ақынның сөзіне жазылған әндер орындалып, Махамбет атындағы академиялық қазақ драма театрының артистері өнер көрсетті.

«Фариза және ақын сіңлілері» поэтикалық кешінің аясында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде және С.Өтебаев атындағы мұнай-газ университетінде ақын қыздармен кездесулер және шеберлік сыныптары өтті. Сондай-ақ өңірдің киелі орындары Алтын Орданың көне астанасы Сарайшыққа, қазақ рухының алдаспаны Махамбеттің сүйегі жерленген Қарой даласына экскурсиялар ұйымдастырылды.


Ақын қыздардың жыр кеші «Фариза – рух жанартауы» атты республикалық әдеби-танымдық конференция мен салтанатты жиынға ұласты.

Ә.МҰХАМБЕТ

ӘУЕЗЕ

23 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

Ғұмырын өлеңге арнаған, жан сыры мен бар мұңы жырында көрініс тапқан Хәкім Абай: «Өлең шіркін – өсекші, жұртқа жаяр, Сырымды тоқтатайын айта бермей» деп өзін сабырға шақыратыны бар емес пе? Ал біздің өміріміз «айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызған» бүгінгі ақпарат ғасырында әлеуметтік желі арқылы көпшіліктің көз алдында сырғуда. Барлық құжат пен қызмет сандық технологияға ауысқан цифрлық қоғамда «Сырымды тоқтатайын айта бермей» дегеніңізбен жарияға жар салмайтын, жасырып қалар сырыңыз да әшкереле болып жататыны жасырын емес. Яғни, қоғамның «өсекшісі» – әлеуметтік желі. Газетіміздің өткен жұмадағы санында қандай да бір затқа тыйым салу – сол затқа деген назарды бұратынын ғылыми дәлелдемелермен мысал еттік. Ендігі айтпағымыз, осы ұғыммен сабақтасып жатқан қоғамдық құбылыс жайлы болмақ. Мәселен, сіз қанша жерден әлдебір ақпаратты жасырғаныңызбен, соншалық сол ақпаратқа деген қызығушылықты үдете түсетінін білесіз бе?



Стрейзанд эффектисі:

**Наурызбек
САРША**

Біздің заманымызға дейінгі 356 жылдың 21 шілдесіне караған түні Грекияның Эфес қаласында әлемнің жеті кереметінің бірі саналатын Артемида ғибадатханасы өртке оранды. Осылайша, Лидия патшасы Крездің демеушілігімен салынған, құрылысы 120 жылға созылған, бір ғасыр бойы күллі әлемді кереметіне тәнті еткен ғибадатхана бір түнде жермен-жерексен болды. Адамзат өнерінің баға жетпес бейнесіндей болған ғибадатхананы Герострат есімді жергілікті тұрғын өртейді. Өмірі сәтсіздіктерден көз аспаған ол ғибадатхананы тарихта қалып, өз атын шығару үшін өртегенін айтқан. Қылмыскерді жазалау үшін қала басшылығы мен тұрғындары оны өлім жазасына кесіп, енді оның атын атамауды және ол туралы деректі келесі ұрпаққа жеткізбеуге серттеседі. Тіпті, ресми құжаттарға есімін енгізбей «Ғибадатхананы өртеген бір есалаң» деп қана жазып қояды. Алайда Геростраттың аты тарих бетінде жағымсыз бейнеде болса да, мәңгілікке сақталып қалады. Тіпті, Рим жазушысы Виктор Максимнің бүкіл әлемге тараған кітабында Геростраттың атағын одан бетер әйгілей түседі. Осылайша, ғибадатхана құрылысында қолтаңбасы қалған сол заманның ең атақты шеберлерінің ешбірі ел есінде қалмай, Артемида ғибадатханасы десе, тек Герострат есімі арқылы айтылатын дәрежеге жетті. Демек, тарихта қалуды ойлаған «есалаң» өз мақсатына жетіп, оның атын келесі ұрпаққа жеткізбеу әрекетіне мықтап кіріскен қала басшылығының мақсаты мүлде орындалмаған күйі қалады. Бұл мысалдан байқағанымыздай әлдебір ақпаратты жасырып, қанша тыраштанғанымызбен оған деген қызығушылықты, назарды бұрып әкете алмайтындығымызды көрсетеді. Енді бұл құбылыстың Стрейзанд эффектисі деп аталған тарихын баяндасак.

СТРЕЙЗАНД ЭФФЕКТИСІ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛДЫ?

2002 жылы танымал фотограф Кеннет Адельман California Coastal Records Project жобасы аясында Калифорния жағалауындағы топырақ пен қыртыстардың эрозиясын зерттеу үшін әуеден көптеген сурет түсіреді. Жобаның сайтында Калифорния жағалауындағы әртүрлі үймен 12,2 мыңға жуық фотосурет жарияланды. Суреттердің біріне әнші, әртіс, бірнеше танымал халықаралық марапаттарды

АҚПАРАТТЫ ЖАСЫРУ – ОНЫҢ ДАҢҚЫН АСЫРУ



иеленген Барбара Стрейзандтың аумағы ат шаптырым зәулім сарайы да түсіп қалған еді. Бұл әншінің ашуын туғызады. «Жеке өміріме қол сұқты, үйімді рұқсатсыз жарияға жар салды» деген ол 2003 жылы Кеннет Адельман мен Pictopia.com сайтынан сотқа беріп, үйінің суретін таратуға тыйым салу үшін сотқа жүгініп, 50 миллион доллар өтемақы талап етеді. Адельман айыпты жоққа шығарып, бұл суреттің мақсаты басқа екенін және 12 200 фотосуреттің бірі екенін айтады. Ақыры сот әншінің талабын қанағаттандырмай, керісінше әртіске «Адельманның сот шығындарына кеткен 150 мың доллардан астам соманы өтесін» деп шешім етеді. Танымал әртістің сотқа жүгіну әрекеті осылайша қоғам назарын өзіне еріксіз бұрады. Сот дауы туралы алпыстан астам басылым жарыса жазып, оның ішінде The New York Times, Associated Press, BBC секілді ірі басылымдар да ақпарат таратады. Америкалық журналист Пол Роджерс бұл жағдайды зерттей келе, Стрейзандтың адвокаттары сотқа шағым жасамас бұрын сурет 6 рет қана жүктелгенін, оның өзінде екеуін адвокаттар жүктегенін, тек соттан кейін ғана оны бірнеше апта ішінде әлемнің түкпір-түкпірінен 420 мыңға жуық қолданушы көргенін анықтайды. Осылайша, «Суретті өшіртіп, назардан тыс қалдырамын» деген актрисаның әрекеті керісінше жағдайды ушықтыра түсті. Екі жылдан кейін журналист Майк Мэсник басқа бір оқиғаны баяндағанда «Стрейзанд эффектисі» тіркесін қолданады. «Стрейзанд эффектисі – бұл тыйым салуға немесе жоюға тырысатын



Суреттердің біріне әнші, әртіс бірнеше танымал халықаралық марапаттарды иеленген Барбара Стрейзандтың аумағы ат шаптырым зәулім сарайы да түсіп қалған еді. Бұл әншінің ашуын туғызады. «Жеке өміріме қол сұқты, үйімді рұқсатсыз жарияға жар салды» деген ол 2003 жылы Кеннет Адельман мен Pictopia.com сайтынан сотқа беріп, үйінің суретін таратуға тыйым салу үшін сотқа жүгініп, 50 миллион доллар өтемақы талап етеді.

ақпаратқа деген қызығушылықтың артуы», – деп түсіндірді ол. Осылайша, бұл қоғамдық құбылыс ретінде айналымға еніп кетті. Яғни, қазақтың «Ит қорыған жерге ош» дейтініндей болып шығады.

ПАРАДОКС ОҚИҒАЛАР

Иә, Стрейзанд эффектисі – белгілі бір мәліметті жою оның тек одан да кен жайылуына себеп болады деген феномен. Әсіресе, бұл құбылыс ғаламторда көптеп кездеседі. Мысалы, суреттерге, құжаттарға, сайттарға тосқауыл қою, ол мәліметтерге тек қызығушылықты арттырып, көптеген көшірменің пайда болуына алып келеді. Мысалы, Ресейдің тиісті мекемелері github.com сайтында суицид жасау жолдары жайлы жазылған ақпаратты анықтап, сайтқа тосқауыл қояды. Нәтижесінде, бұл жаңалық жаппай таралып, мыңдаған адам әлгі ақпаратты індетіп іздеуге кірісіп кетеді. Тіпті, кейбірі ақпаратты көшіріп, көптеген басқа ресурстарға да салып қояды. Бір қызығы, github.com сайтынан тікелей мекенжайды білмесең, өздігінен іздеп әлгі

ақпаратты табу мүмкіндігі өте төмен екен. Демек, Ресей үкіметі өз іс-әрекетімен тек мәліметтің кеңірек таралуына септігін тигізді деген сөз.

Ресейде осыған ұқсас тағы бір мысал бар. 2017 жылы Роскомнадзор Telegram басшысы Павел Дуровты заң аясында Ресей билігімен ынтымақтастықтан бас тартқан жағдайда мессенджерді бұғаттайтынын айтып, қорқытады. Тіпті, Ресейдің Тергеу комитеті мессенджерде өзінің ресми арнасын ашады. Бұл мәлідемесі

ге болатындай. 2022 жылы кино актері, продюсер, режиссер Нұртас Адамбай «Базз Лайтер» мультфильміне тыйым салу керек деген бастама көтерді. Бұған себеп, аталмыш мультфильмде біржыныстыларды насихаттайтын көріністің болуында. Елімізде актер бастаған пікірталас қызу талқыланып кетті. Кейбірі бұл эпизодтың бейнежазбасын жүктеп салып, артық ештеңе байқамағандығын айтып жатты. Бұған дейін бұл мультфильмнен бейхабар жұрт сол пікірталастың арқасында жапатармағай ғаламтор беттерінен әлгі анимациялық өнімді іздестіре бастады. Осылайша, тыйым салынуға тиіс өнім лезде танымалдыққа ие болды.

«АРТЫҚ ҚЫЛАМ ДЕП, ТЫРТЫҚ ҚЫЛМА»

Стрейзанд әсері бірнеше факторға байланысты пайда болып, дамиды. Біріншіден, интернеттен ақпаратты із қалдырмай жою өте қиын. Екіншіден, белгілі бір нәрсеге тыйым салу табиғи түрде адамның наразылығын оятады. Стрейзанд эффектисі, ең алдымен, мына жағдайда пайда болады: ақпаратты жасыру әрекеттері әділетсіз болғанда немесе заңсыз болып көрінгенде, сондай-ақ ақпарат дау туындатқанда. Сарапшылар эффектисінің пайда болуын ақпараттың айналымына байланысты түсіндіреді: «Сіз бірденің жокқа шығара бастағанда, сіз теріске шығарғаныңызды тағы бір рет қайталауға мәжбүр боласыз. Осылайша, сіз тағы да өзіңізге және ақпарат таратушыға назар аударасыз», – дейді олар.

Сарапшылар «Стрейзанд эффектисінен қалай қорғануға болады?» деген сұраққа былай деп жауап береді: «Егер әлдебір компания немесе танымал тұлға желідегі беделімен үнемі және дұрыс жұмыс істесе, оның Стрейзанд әсеріне ұшырау қаупі аз. Дегенмен бұл үшін бірқатар алдын алу шараларын жасаған жөн. Атап айтқанда: әрқашан ашықтық саясатына сәйкес әрекет етіңіз, ақпаратты жасыруға тырыспаңыз. БАҚ-тың барлық сұрағына байыпты жауап беріңіз. Кері байланысты бақылау арқылы беделмен жұмыс істеудің ең тиімді әдістері мен құралдарын үнемі қолданыңыз».

P.S:

Иә, интернет дәуірінде ақпараттың таралуын шектеу мүмкін емес. Әдетте, жағымсыз ақпаратты тек бір ресурстан алып тастауға болады, бірақ ол сөзсіз басқа жерде пайда болатынын, ақпаратты жасыруға деген ұмтылыс оған деген қызығушылықты арттыратынын ұмытпағанымыз жөн.

23 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ



АЛҒАШ РЕТ АУЫЛ ӘКІМДЕРІ ФОРУМЫ ӨТТІ

«AMANAT» партиясының бастамасымен Жетісу облысының орталығы Талдықорған қаласында ауыл әкімдерінің басын біріктірген форум өтті.

Жиынның басты мақсаты — мемлекет пен қоғам алдында тұрған, ауыл халқын толғандырып отырған өзекті де өткір мәселелерді бірлесіп, ашық талқылау, олардың шешу жолдарын іздеу. Басқосуға «AMANAT» партиясы орталық аппарат басшысы Мәди Оспанов, Парламент Мәжілісінің депутаты Болат Керімбек, Жетісу облысы әкімінің орынбасарлары Әлібек Жақанбаев және Диас Есдәулетов, басқарма басшылары мен облыстағы 113 ауылдық округтің әкімдері қатысты. Алғаш ұйымдастырылған форум барысында партияның сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру, ауыл-аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы, ауыл әкімдерінің сайлауы және олардың атқаратын жұмысының негізгі мәселелерін талқылауға арналған алаңға айналды.

Жетісу облысы әкімінің орынбасары Әлібек Жақанбаевтың айтуынша, қоғамдық-саяси тұрақтылықты және орнықты дамуды қамтамасыз ету — әкімдердің басты міндеті.

«Облыс экономикасын одан әрі дамыту және халықтың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау үшін бірлескен, тиімді жұмыстың арқасында облысымыздың әл-ауқатын жақсарту үшін алға қойылған мақсаттарға қол жеткізе алатынымызға сенімдімін», — деді ол.

«AMANAT» партиясының аппарат басшысы Мәди Жарылқасынұлы жергілікті атқарушы биліктің жауапкершілігі жоғары болуға тиіс екенін айта келе, ауыл әкімдері институтының нәтижесі табысты реформаның маңызды міндеті болып табылатынына баса мән берді.

«Ауыл әкімдерінің форумы қазіргі уақытта еліміздің барлық аймағында өтіп

жатыр. Форумда айтылған ұсыныстар мен идеялар, тың бастамалар «AMANAT» партиясы атынан сайланған ауыл әкімдерінің табанды жұмысы мен кәсіби шеберлігіне жаңа серпін береді деп есептеймін. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл әкімдерін тікелей сайлау жүйесін енгізгеннен бері, жыл сайын елді мекен басшыларына қатысты халық өз таңдауын жасап келеді. Өңірде 2021 жылдың шілдесінен бастап 113 ауыл әкімінің сайлауы өтті, оның ішінде партиядан ұсынылған 111 (98%) кандидат жеңіске жетті. Бұл — біздің бағдарламаларымыз бен бастамаларымызға халық сенетінінің айқын дәлелі», — деді аппарат басшысы.

рліді. Жыл соңына дейін 4 117 үй беріліп, тұрғын үй кезегі 14%-ға төмендейді. Облыста орталықтандырылған сумен қамту деңгейі — 91,1%. Облыстық деңгейдегі 182 шақырым және 54 елді мекеннің ішкі жолдары жөнделіп, Балқаш көліне дейінгі 132 шақырым жолдың 117 шақырымына асфальт төселді.

«Халықтың партия мен атқарушы билікке деген сенімі сайлауалды уәделердің орындалуымен тікелей байланысты. Оларды уақытылы және сапалы орындау — баршамыздың басты міндетіміз. Бүгінгі форумның ұйымдастырылуы біз үшін өте маңызды. Шалғайдағы ауыл әкімдерінің жұмысына әртүрлі бағыттар бойынша



«AMANAT» партиясы елді мекендердегі кәсіпкерлікті дамытуға, экономикалық ахуалды арттыруға баса назар аударуда. Дәл осы мақсатта форум барысында «Қарызызсыз қоғам», «Құқықтық көмек» жобаларының және Жол картасы аясында жүзеге асып жатқан іс-шаралар мен жетістіктер талқыланды. Мәселен, «Қарызызсыз қоғам» жобасын іске асыру масатында облыс орталығында жобалық кеңсе ашылып, биылдың 5 ақпанынан бастап Жетісу облысының барлық аудан, қалаларында 7 300 адам оқытылды. Ал Жетісу облысы бойынша биыл Жол картада айқындалған 94 іс-шараның 24%-ы орындалды. Атап айтар болсақ, биыл 349,3 мың шаршы метр тұрғын үй салуды жоспарланған, 8 айда 150,2 мың шаршы метр немесе 43% тұрғын үй пайдалануға бе-

әдістемелік қолдау әрдайым қажет», — деді Панфилов ауданы Үлкенғаш ауылдық округінің әкімі Ермек Нұрахметов.

Форум аясында панелдік сессиялар ұйымдастырылды. Онда ауыл әкімдері «AMANAT» партиясының Сайлауалды бағдарламасын іске асыру, партиялық жобаларды ілгерілету, қызметті кәсібилендіруге негізделген мемлекеттік қызметтің жаңа принциптері мен қадамдарын, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, мемлекеттік сатып алуды іске асыру, агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік қолдаудың қолжетімді тетіктерін қалыптастыру, кәсіпкерлікке қолдау көрсету және инвестиция тарту шаралары, қоғамдық-саяси ахуал және бұқарамен жұмыс істеу секілді түрлі бағыттарда арнайы мамандардан дәріс алды.

«ҚАУІПСІЗ ҚАЛА» ЖОБАСЫ ЖАСТАРҒА ҚАЛҚАН БОЛА МА?

Бір кездері көне шаһар жасөспірімдер арасындағы қылмыстық статистикамен санаға салмақ салған еді. Десе де, кейінгі жылдары облыс орталығында «Тараз — қауіпсіз қала» жобасы жанданып, бұзақылық деректерін болдырмау бағытында ауқымды жұмыстар қолға алынды. Аталған жобаның бүгінде жемісі қандай? Бастама өз өміршеңдігін дәлелдей алып жатыр ма?

А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Тараз қаласының әкімі Бақытжан Орынбековтің сөзіне сүйенсек, жүйелі жұмыстардың нәтижесінде шаһардағы қылмыс деңгейі 13,2 пайызға төмендеген екен. Сондай-ақ жастардың жүріс-тұрысы мен күнделікті тынысы жіті бақылауға алыныпты.

— Жасөспірімдер қылмысының алдын алу, жастар арасындағы құқықбұзушылық, есепте тұрған тұлғалармен профилактикалық жұмыс жүргізу, қоғамдық орындарда жасалған қылмыс бағыттары бойынша атқарылған жұмыстардың нәтижесінде жыл басынан

жобасы түрлі құйтырқы қылмыстардың да бетін ашуда. Мәселен, жуырда Жамбыл облысы прокуратурасының қызметкерлері Өзбекстан мен Түрікменстан елдерінен келген 25 шетелдікті анықтап, олар оқу орындарына студент ретінде заңсыз тіркелгенін әшкере қылды. Атап айтсақ, Өзбекстаннан келген 19 мигрантқа М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің студенті ретінде жалған құжаттар берілген. Алайда олар бұл оқу орнында бірде-бір күн оқымаған. Аталған факті бойынша прокурорлармен ҚР ҚК-нің 385-бабы 1-бөлігімен сотқа дейінгі тергеу амалдары басталып, кінәлі тұлғалар анықталуда.



бері қылмыстардың өсуіне жол берілмеді.

Қазір Тараз қаласы полиция басқармасының профилактикалық есебінде 172 кәметке толмаған жасөспірім тұр. Осы есепте тұрған балалармен прокуратура және әкімдік қызметкерлерінен құралған мобильдік топ профилактикалық жұмыстар жүргізуде. Сондай-ақ жыл басынан бері жыныстық сипаттағы қылмыстардың алдын алу мақсатында 29 512 оқушыдан сауалнама алынып, 34 841 оқушының қатысуымен 149 кездесу ұйымдастырылды. Бұған қоса, 41 жайсыз отбасының үй-тұрмыстық жағдайлары зерделеніп, онда тәрбиеленіп жатқан балалардың жазғы демалысы мен қауіпсіздіктеріне бақылау жасалды.

Қалалық білім бөлімі тарапынан жыныстық сипаттағы қылмыстардың жасалу қауіпі бар 57 нысанның тізімі құрылды. Жергілікті полиция қызметі мамандары тарапынан бұл аймақтар тұрақты патрульденуде. Осындай ілімді істердің нәтижесінде биылғы 10 айдың қорытындысы бойынша қылмыстардың жалпы саны 13,2 пайызға төмендеді. Оның ішінде ұрлық — 20,2, ұялы телефондарды қолды қылу — 39,6, қоғамдық жерлерде жасалған занбұзушылықтар — 8,7, есірткімен байланысты қылмыстар 15,4 пайызға азайды, — дейді Бақытжан Әмірбекұлы.

Иә, «Тараз — қауіпсіз қала» жобасы жемісін бере бастағандай. Енді әкімдік жобаны әрі қарай жетілдіру мақсатында қала тұрғындарының жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдарына деген сенімін арттыру мақсатында кездесулер өткізіп, қылмыс деңгейін 5 пайызға төмендетуді көздеуде. Сондай-ақ мемлекеттік органдарға шағымданушылар санын 10 пайызға азайтуды мақсат тұтуда.

Бұл өрине, жанға жылу беретін дүние. Оған қоса, «Тараз — қауіпсіз қала»

Тағы бір жайт, 6 шетелдік азамат қаладағы университет пен колледждерге формальды түрде оқуға қабылданып, кейіннен ұзақ сабақтан қалғаны үшін оқудан шығарылған. Осылайша, еңбек мигранттарына елге кедергісіз кіріп, заңсыз уақытша тіркелуге жағдай жасалған.

Міне, байқап тұрсаңыздар, білім беру орындарының өзінде заңды белден басқан жасырын қылмыстық әрекеттер жүргізілуде. Бұның арты жақсылыққа апармайтынын әркімнің іші біліп отыр. Енді тек «айран ішкен құтылып, шелек жалаған тұтылып» кетпесе болғаны.

Жалпы, «Тараз — қауіпсіз қала» жобасы баянды бағдарын тапқандай. Оған біз жоғарыда аталған қылмыстық істердің әшкере болып жатқанынан көз жеткізе аламыз. Алайда әлі де болса осымен қылмысқа қылбұрау салынды дей алмаймыз. Әсіресе, жасөспірімдердің қауіпсіздігіне қатысты мәселе күні бүгінге дейін алаңдатып отыр. Олай дейтіміз, күні кеше ғана Мойынқұм ауданы Биназар ауылындағы мектеп оқушысының зорлануы тұрғындардың төбе шашын тік тұрғызды. Жаға ұстататындығы жасөспірімге өзінің екі бауыр ағасы 6 жыл бойы зорлық көрсетіп келген. 13 жасар жасөскінің азғындардың апанына түскені оның аяғы ауыр болып қалған кезде анықталған. Жасөспірім алты жылдың ішінде өзінің зорлық көріп жүргенін бірнеше мәрте сездіргісі келген екен. Алайда оның сөзін ешкім елементі. Қазіргі екі күдікті де қамауда отыр. Тергеу амалдарының құпиялығына байланысты әзірге оқиғаның мәнжайы толық айтылмауда. Бірақ бұл да біздің әлі де болса балалар қауіпсіздігіне келгенде ақсап тұрған тұсымызды көрсетуде. Міне, осындай қылмыстардың алдын алып, жасөспірімдерімізге «Тараз — қауіпсіз қала» жобасы қалқан болса деген үмітіміз зор.

ДАУА

23 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

Гибридті қаржыландыру моделіне жүйе қатысушыларының көңілі толмайды. Дер кезінде медициналық көмек ала алмай, емханадағы жалған қабылдаулар, жүйенің оңды-солды қаражат талап етуі, ай сайын жарна төлеп отырып, ақылы медициналық талдауларды қолдану, маман жетіспеушілігі және тағы басқа өзгерістер медициналық сақтандыру саласына сұрақты көбейтпесе азайтқан жоқ.

Қазақстандағы денсаулық сақтау саласын реформалау барысында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды (МӘМС) енгізу арқылы көптеген проблеманы шешу көзделген болатын. Тұрғындардың көпшілігі денсаулығын тексертіп, қажетті медициналық көмек алу күннен-күнге қиындап бара жатқанын айтуда. Оның үстіне, міндетті медициналық сақтандыру төлемін төлемесең дәрігер қабылдауына жазыла алмайсың. Мысалы, көпбалалы ана Рысгүл Рамазанованың айтуынша, заңдағы қайшылықтардың кесірінен декреттік демалысқа шыққан кәсіпкер әйелдер тегін медициналық көмектен қағылады. Өйткені бір ай төлем жүргізілмегені үшін емхана медициналық қызмет көрсетуден бас тартады.

КӘСІПКЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚАНДАЙ?

— Фотограф болып жұмыс істегендіктен жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, биылдан бастап тұрақты медициналық сақтандыру төлемін жүргізе бастадым. Төлем жүргізбесің де қоймайды. Бір ай кешіксең салық комитетінен сіздің қарызыңыз бар деп ай сайынғы медициналық сақтандыру төлемін жүргізбегенің үшін өсімпұл енгізеді. Осыдан 10-15 күн бұрын тіркелген емханам сіздің статусыңыз сақтандырылмаған деп емге қабылдамай қойды. Қыркүйек айына (декреттік демалысқа байланысты) медициналық төлем төленбей қалғандықтан, мені УЗИ-ге түсіруден бас тартты. Қолдан келер қайран жоқ, амалсыз ақылы қызмет алуға тура келеді, — дейді ол.

Кәсіпкер ананың бұл шағымына Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры басқарма төрағасының орынбасары Сәуле Тәжібаева былай дейді:

— «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» заңға сәйкес мемлекет тарапынан міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жарналары аталған заңның 26-бабының 1-тармағында көзделген тұлғаларға, соның ішінде жүктілік және босану, жана туған баланы асырап алу және үш жасқа дейінгі балаға күтім жасауға байланысты демалыста жүрген тұлғалар үшін төленеді. Сондай-ақ «МӘМС туралы» заңның 14-бабының 6-тармағына сәйкес, салық есептілігін тоқтатқан немесе Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес әрекетсіз деп танылған жеке кәсіпкерлер мен жеке практикамен айналысатын адамдардан басқа тұлғалар: біріншіден, аударымдарды және жарналарды уақытылы, толық көлемде төлеуге, сондай-ақ толық төлемегені үшін өсімпұл төлеуге; екіншіден, өз бетінше аударымдар және жарналар мөлшерін есептеуге немесе қайта есептеуді жүзеге асыруға міндетті. Егер тұлғаның қандай да бір кірісі болса, заң оны МӘМС жарналарын төлеуден босатпайды, — дейді ол.

Биыл Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының жұмыс істеп келе жатқанына бес жыл, осы уақыт ішінде медицинада түрлі өзгеріс болды.

Пациенттер бейінді мамандарға жедел қаралуға мүмкіндік жоқ десе, Қаржы министрлігі тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін (ТМККК) қаржыландыруға қаражат жеткіліксіз дейді.

ЕМНІҢ ДЕ

Өзін-өзі жұмыспен қамтушы отандастарымыз тап болған тағы бір өзекті мәселе бар. Ол — бір тұрғынға екі жерден медициналық сақтандыру төлемін алу фактісі. Астаналық тұрғын, инженер жобалаушы Азамат Сембайұлы жеке компанияда қызмет етеді. Жұмыс беруші тарапынан ай сайын медициналық төлем жүріп тұр. Одан бөлек, жеке кәсіпкер ретінде өз қалтасынан тағы да медициналық төлем жасайтынын айтады.

— Жалдамалы жұмысшы ретінде және жеке кәсіпкер ретінде МӘМС-ке ай сайын екі рет жарна төлеймін. Жас болған соң ба, емханаға мүлдем бармаймын. Барсам өз мекемеіміздің жеке сақтандыру бойынша жеке меншік клиникаға қаралып, толықтай тексерілемін. Бірақ ЖК атынан да, мекемеден да тұрақты аударамын. МӘМС арқылы соңғы 4 жыл ішінде ешқандай көмек алмадым. Жиналған ақшам қайда кетіп жатқаны қызық. Меніңше, жұмысшының жарна төлемеуге де құқы болу керек, — деп өз ойын айтты.

Яғни, Қазақстан азаматтары осы күнге дейін жиналған медициналық төлемдердің қайда кетіп жатқанын көру мүмкіндігі болса, я болмаса жиналған қаржыны басқа да мақсаттарға пайдалану мүмкіндігінің болғанын қалайды. Қордаланған мәселенің түйінін анықтау үшін МӘМС өкілі тарқатып берді. Оның сөзінше, заңда мұндай мүмкіндік қарастырылмаған.

Қор басшылығы жүйенің әлеуметтік бағытталған және әділеттілік қағидаты бойынша құрылғандығын алға тартты.

КОЛЖЕТИМДІ КӨМЕККЕ МҰҚТАЖДАР КІМ?

Медициналық сақтандыру жүйесінің тиімді тұстары көп екенін айта кету керек. Мәселен, өте ауыр дерттерді тегін емдеу, медициналық бақылаудан тегін өту, жұмыссыз ретінде тіркелсе, тегін емделу мүмкіндігі, ЭКО арқылы жүктілік, отаны тегін жасату сияқты медициналық көмек түрлерін еліміздегі әртүрлі әлеуметтік тап өкілдері тегін алуда. Жасы 70-тен асқан қария ата-енесін тұрақты емдетіп жүрген Ділда ханым бұл ойды растап отыр.

— Менің 70 жастан асқан ата-енем бар. Жас ұлғайған сайын ауруы да көбейеді, емханаға бару да жиілейді. Атамның көзі өте нашар көреді, екі көзіне де тегін ота жасалды. Әр тоқсан сайын емханаға жатып, тегін емделіп, қажетті дәрі-дәрмегі алады, — дейді ол.

Ал енесі қант диабетімен есепте тұрады екен. Бүйректің нашар жұмыс істеуіне байланысты гемодиализді тегін алыпты.

СҰРАУЫ ЖАР



Елдер ҚАБА (қоллауы)

— 3 ай сайын рецепт бойынша тегін дәрілерін, қант өлшейтін, қан қысымын өлшейтін құралдарын алып отырамыз. Гемодиализдің өзін тегін жасайды, өздері аптасына 3 рет үйден өздері алып кетіп, алып келеді. Яғни, барлығы жолға қойылған, жақсы дәрежеде атқарылады. Дәрігерлердің де білімі мен деңгейі жоғары екенін атап өткім келеді, — деп қосты Ділда.

ЦИФРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ҚАЙШЫЛЫҚТАРЫ

Елімізде бүгінде кез келген саланы цифрландыру және автоматтандыру процесі қарқынды жүріп жатыр. Осы мақсатта медицина саласындағы ұзынсонар кезекті азайту үшін және тұрғындардың денсаулығына қатысты деректерді қолжетімді қылу үшін DAMUMED мобильді қосымшасы іске қосылды. Дәрігерге жазылу, сараптама қорытындыларын қарау, кері байланыс қалдыру мүмкіндігі қарастырылған қосымша арқылы жеке тұлғаның медициналық көмекке жүгіну барысын мониторинг жасау мүмкіндігі бар. Алайда тұрғындар осы қосымшаға өздерінің медициналық көмекке жүгінбесе де жүгінгендігі тіркелетіндігін байқаған.

— Осыдан жарты жыл бұрын балама Damumed арқылы қабылдау жүргізілгенін көріп таң қалғанмын. Өйткені ол кезде дәрігерге жүгінген жоқпыз. Жалпы, мұндай жағдай бірнеше рет қайталанды, — дейді декреттегі ана Рысгүл Рамазанова.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының өкілі мұндай шағымдар түскен жағдайда, Қор медициналық ұйымға жоспардан тыс мониторинг жүргізетінін айтты. Егер ақпарат расталса, экономикалық шаралар қолданылады.

— Сізге көрсетілмеген медициналық қызметтер туралы, оның ішінде DAMUMED қосымшасы арқылы ақпараттар келсе, онда сіз қордың www.msorg.kz сайтында, Telegram арнасы арқылы <https://t.me/Saqtandyrybot> сілтемесі бойынша, Qoldau 24/7 мобильді қосымшасында немесе 1414 бай-

арнайы жарна төлесе де емханадан жолдама ала алмай, ақылы анализ тапсыруға тура келеді. Осыған байланысты қор өкіліне МӘМС жүйесі емханалардан стандартты көтеру жайында талап қоя ала ма деген сауал жолдады.

— МӘМС жүйесінде көрсетілетін консультациялық-диагностикалық қызметтердің тізімі Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі № ҚР ДСМ-37 бұйрығымен бекітілген амбулаториялық жағдайда мамандандырылған медициналық көмек көрсету қағидаларымен реттеледі. Бұл тізімге 3 000-нан астам консультативтік-диагностикалық қызметтер кіреді, оның ішінде 1 000-нан астамы — зертханалық қызметтер, — дейді С.Тәжібаева.

— Алайда МӘМС жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтер тізімі жүйенің кірістері мен медициналық көмек көрсетудегі міндеттемелерінің теңгерімділігін ескере отырып қалыптасатынын түсіну маңызды. Шет елдермен салыстырғанда жарна мен аударым мөлшері төмен болғанымен, Қазақстандағы МӘМС жүйесі аясында медициналық қызметтердің кең ауқымы қарастырылған. Жалпы, МӘМС жүйесінің қаржылық мүмкіндіктерін ескере отырып, медициналық қызметтер тізімін, оның ішінде консультациялық-диагностикалық қызметтерді жоспарлы түрде кеңейту мәселесі қарастырылып отыр, — деді ол.

ҚЫМБАТШЫЛЫҚ ҚАЛТАҒА СОҒЫП ТҮР

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынысына сәйкес, дамушы экономикасы бар елдерде денсаулық сақтау жүйесінің тұрақтылығы үшін ЖІӨ-нің 5%-дан 8%-ға дейін, ал дамыған елдерде кемінде 9%-ын жұмсау қажет. Ал 2023 жылы Қазақстанда бұл көрсеткіш 3,8%-ды құрады, бұл ДДСҰ ұсынған көрсеткіштен әлдеқайда аз.

Басқарма басшысының орынбасары МӘМС жүйесі іске қосылғанға дейін аударымдар мен жарналар мөлшерлемелерін төмендету туралы шешім қабылданғанын айтты. Бұл бастапқы қаржылық модельден ауытқудың негізгі себебі болды. Сәйкесінше, ол жүйені жеткіліксіз қаржыландыруға және медициналық көмек шығындарының кірістерден асып түсуіне алып келген.

Дегенмен жыл сайын денсаулық сақтау жүйесінің шығындары өссе де, қаржыландыру тапшылығы болса да басты міндет — халықты сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз ету және қаражатты тиімді жұмсау.

— Осыған байланысты, ең алдымен, медициналық қызмет көрсетушілерге қойылатын талаптарды қатаңдататын және бұзушылықтар анықталған жағдайда қаржылық ықпал ету шараларын күшейтетін құқықтық база өзгеруде. Сапалы медициналық көмек көрсететін жеткізушілермен медициналық қызметтерді ұзақ мерзімді сатып алу шарттарын жасау тетігі қолға алынып, қор тарапынан ұсынылатын медициналық қызметтерді 100% қамтитын медициналық қызметтерді мониторингтеу жүйесін автоматтандыру кезең-кезеңімен енгізілуде, — деді Сәуле Тәжібаева.

Айгүл ДӘДЕН

АЛАШ

23 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

XX ғасырдың басы – қазақ әдебиетінің ұлттық сана-сезімді оятып, мәдени құндылықтарды жаңғыртқан кезеңі. Бұл уақытта әдебиет тек шығармашылық көрініс емес, сонымен бірге халықтың рухани жаңғыруына қызмет еткен маңызды құрал болды. Осы дәуірде жарық көрген әрбір туындының өзіндік орны бар.

«АЙҚАП» беттерін АҚТАРСАҚ...



Бұл жолдарда сарғайған жапырақтың жалғыздығы тағдырдың ауыртпалығын, өмірдің қиындықтарын бейнелейді. Ақын табиғаттағы әрбір элементті адам өмірінің кезеңдері ретінде көріп, оқырманға терең философиялық ой салады.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармалары табиғат лирикасының тереңдігімен және философиялық астарымен ерекшеленеді. Оның «Шығамын тірі болсам адам болып» немесе «Бір адамға» секілді өлеңдеріндегі идеялар Шайбай Айманов өлеңіндегі идеямен рухани үндеседі. Шайбайдың бұл шығармасы Сұлтанмахмұттың табиғат пен өмірге деген көзқарасын жаңа қырынан танытуға мүмкіндік береді.

«Айкап» журналының 1915 жылғы 11-санында жарияланған бұл өлең – ұлттық әдеби мұрамыздағы құнды шығармалардың бірі. Журнал қазақ қоғамындағы әдеби және мәдени қозғалыстардың басты алаңы болғандықтан, мұндай өлеңдердің жариялануы халықтың ұлттық сана-сезімін оятуда маңызды рөл атқарды.

Солардың бірі – Шайбай Аймановтың Сұлтанмахмұт Торайғыровка арнап жазған «Жапырақтар хәм олардың көркі» атты өлеңі. Бұл шығарма 1915 жылы «Айкап» журналының 11-санында жарияланған. Өлең табиғат сұлулығын суреттей отырып, адам өмірі мен тағдырына қатысты терең философиялық ойларды жеткізеді.

*Үзілгелі өзі тұрса да,
Өзгеге тұр бас ұрмай.*

*Өзгелері бұралып,
Біріне-бірі оралып.
Жапырақтан күмбез жасап тұр,
Бас-аяғы құралып.
Араласпай бұларға,
«Сары жапырақ» тұр бұралып.
Қынапқа тұрмас салғандай,*

**ЖАПЫРАҚТАР ХӘМ
ОЛАРДЫҢ КӨРКІ**
(С.Т. - ге арнаймын)

*Гүлденген біткен жапырақ,
Бұтақтарда салбырап.
Уақыты еді жетілген,
Көз тартарлық балбырап;
Лебінен де аз жылдың,
Ұялып бұққан қалтырап.*

*Өзіне бұрған ойыңды,
Маужыратып бойыңды.
Япырым-ау, бұл не ғажап –
деп бұрар ең мойныңды.
Маужыратып бойды алған,
Әніне торғай ұйымды.*

*Өсіп бәрі жеткендей,
Көңілді шад еткендей.
Шөптер де тұр балбырап,
Көрсеп қайғы кеткендей.
Ісі де бар аңқыған,
Сарпынған жүрек тепкендей.*

*Жұмақты кіріп көргендей,
Сайран етіп жүргендей.
Басқаны жүрек ұмытып,
Дәуренді сонда сүргендей.
Жапырақтар да сыбдырлап,
Қарап тұр саған төнгендей.*

*Құшақтасып айқасқан,
Жапырақ басып жайнасқан.
Саласынан ағаштын,
Шымырлап бұлақ қайнасқан.
Әр жапырақ астынан,
Құрттар да қоныс сайласқан.*

*Көңілдің тосып әніне,
Мәз боп жапырақ сәніне.
Тұр едім жаным балбырап,
Жылы жел тиіп тәніме.
Көзіме түсті «құр жапырақ»,
Ойладым «мұның мәні не?!»*

*Көгеріп көркі ашылмай,
Сарғайған түсі басылмай.
Тұрғанда жалғыз сорлыны,
Көк жапырақ тұр жасырмай.*

Бұл өлеңнің Сұлтанмахмұтқа арналуы кездейсоқтық емес. Сұлтанмахмұт Торайғыров – қазақ әдебиетінде шындық пен әділдіктің жаршысы болған тұлға. Оның шығармалары табиғат пен адам болмысының үйлесімін терең зерттеген. Шайбай Айманов осы өлеңі арқылы Сұлтанмахмұттың дүниетанымына үн қосып, табиғат пен адамның рухани байланысын ерекше атап көрсетеді.



*Есі дертін алғандай.
Көгерт дейтін үміт жоқ,
Құрт түсіп қатып қалғандай.
Дірілдеп жерге қарап тұр,
Жалғаннан көзі талғандай...*

Шайбай АЙМАНОВ

Өлеңнің алғашқы жолдары оқырманды табиғат сұлулығымен баурайды. Жапырақтардың гүлденген көрінісі, олардың жаздың ортасында әсем болып көрінуі ақынның табиғатқа деген сүйіспеншілігін көрсетеді. Бірақ бұл көрініс тек сұлулықты сипаттаумен шектелмейді. Ақын табиғат арқылы терең символика жасап, өмірдің өткіншілігін, адам тағдырының қилы кезеңдерін суреттейді.

Бұл өлеңнің Сұлтанмахмұтқа арналуы кездейсоқтық емес. Сұлтанмахмұт Торайғыров – қазақ әдебиетінде шындық пен әділдіктің жаршысы болған тұлға. Оның шығармалары табиғат пен адам болмысының үйлесімін терең зерттеген. Шайбай Айманов осы өлеңі арқылы Сұлтанмахмұттың дүниетанымына үн қосып, табиғат пен адамның рухани байланысын ерекше атап көрсетеді.

Шайбай Айманов жапырақтардың өмірлік циклін адам өмірімен салыстырады. Көгерген жапырақтар жастық шақтың көркі мен үмітін бейнелесе, сарғайған жапырақтар өмірдің өткіншілігі мен жалғыздықты сипаттайды. Өлеңде табиғаттың әр бөлшегі символикалық мәнге ие:

*«Көгеріп көркі ашылмай,
Сарғайған түсі басылмай,
Тұрғанда жалғыз сорлыны,
Көк жапырақ тұр жасырмай.»*

Шайбай Айманов табиғатты суреттеуде нәзік әрі дәл образдар жасайды. Жапырақтардың қозғалысы, маусымдық өзгерістері, ағаштар арасындағы қарым-қатынас – барлығы адамның жан дүниесіне әсер етіп, табиғатпен терең байланысуға итермелейді:

*«Маужыратып бойды алған,
Әніне торғай ұйымды.»*

Табиғаттың дыбыстары мен бейнелері адамның рухани тыныштығы мен өмірдің мәнін іздеуге бағыттайды. Сұлтанмахмұтқа арналуы өлеңнің эстетикалық құндылығы мен философиялық тереңдігі одан әрі арта түседі.

Қорыта айтқанда, Шайбай Аймановтың «Жапырақтар хәм олардың көркі» өлеңі – қазақ әдебиетінің табиғат лирикасындағы ерекше туынды. Оның Сұлтанмахмұт Торайғыровка арналуы екі тұлғаның рухани жақындығын көрсетіп, қазақ әдебиетінің ұлттық философиясындағы маңызды бірлік пен сабақтастықты айқындайды. Бұл өлең арқылы Шайбай Айманов табиғаттың адам өмірімен терең үйлесімін көрсете отырып, оқырманға табиғатқа, өмірге және ұлттық мәдениетке жаңаша көзқараспен карауды ұсынады.

Шайбай Аймановтың: «...Сұлтанмахмұт менен бір-ақ жас үлкен еді. Бірақ біз оны бәріміз де аға тұтатынбыз. Оның өлер алдында айтқан өсиет есепті ақылы да, бізге бөрыш етіп қалдырған тілектері де менің көкірегімде сақтаулы. Егер уақытым болса, Сұлтанмахмұт жөнінде өзімше арнайы очерк жазам ба деген ойым да бар. Мұның өзі марқұм Сұлтанмахмұт үшін де, оны сүйіп оқитын көпшілік үшін де пайдалы болар деп ойлаймын», – деген сөздері де оның ақын мұрасына қаншалықты ізгі көңілмен қарайтынын аңғартады.

Абзал РЫМБЕК,
*Бұқар жсырау атындағы
әдебиет және өнер музейінің
қызметкері*

АЙМАҚ

23 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

АЛЫП ЗАУЫТ ДАУҒА ҚАЛДЫ

Атырау мұнай өңдеу зауытының басы тағы дауға қалды. Осыдан біраз уақыт бұрын әлеуметтік желіде Атырау мұнай өңдеу зауытының ашық алаңда күкірт сақтап отырғаны туралы ақпарат тарайды. Желі қолданушыларының ғана емес, тұтас қала тұрғындарының ашуын тудырған оқиға соңы үлкен тексеріске ұласып, біраз дабыра болды.

А Баян ЖАНҰЗАҚ,
Атырау облысы

Атырау облысы бойынша Экология департаменті басшысының міндетін атқарушы Ерлан Есеновтің айтуынша, қазір Атырау мұнай өңдеу зауытының аумағында күкіртті сақтау дерегіне байланысты тексеріс басталған.

«АМӨЗ-ге қатысты қоғамдық тыңдау кезінде қала тұрғындарының бірі зауыт аумағында қала орталығында күкірт сақталғанын хабарлады. Біз оқиға орнына дереу бардық. Арнайы дронның көмегімен Атырау қаласы Әуезов көшесі №91 үй мекенжайындағы зауыт базасында күкірт тәрізді заттың қаптарда сақталғанын көрдік. Қазір тексеріс жүріп жатыр. Нәтижелер жұртшылыққа хабарланады», — деді Ерлан Есенов.

Спикердің айтуынша, Сегер сақталған заттар тауарлық күкірт болса, оны сақтауға ресми рұқсат талап етілмейді. Ал егер мұның қалдықтар екені анықталса, ондай жағдайда компания жауапкершілікке тартылады.

Бұл жағдай туралы Атырау мұнай өңдеу зауытының өзі не дейді? Айтуларынша, зауыт базасындағы ашық алаңда арнайы қапқа салынған күкірттің еш зияны жоқ. Атырау мұнай өңдеу зауытының жетекші инженер-экологы Абзал Теміровтің сөзіне сүйенсек, кәсіпорында түйіршіктелген күкірт шығаратын екі

Күкірттің бұл түрі қалдыққа жаппайды. Оның қоршаған ортаға зияны жоқ», — деп нақтылады зауыттың инженер-экологы Абзал Теміров.

Койманы жалға алған «Трэйд Ойл Ресурс» ЖШС-ның бас кеңсесі Алматыда орналасқан екен. Компанияның қаржы директоры Жайық Омаровтың айтуынша, ашық алаңы бар койма жыл соңына дейін жалға алынған.



«Герметикалық қаптарға салынған күкірттің қоршаған ортаға зияны жоқ. Бұл — түйіршіктелген күкірт. Зауыттан айына шамамен 500-700 тонна күкірт шығарылады. Оны өткізу оңай емес. Кейде тұтынушы табылмайды. Мәселен, жаз айларында күкірт алушылар болмады. Тек қазан айында «Казфосфат» ЖШС-ға 1 мың тоннадан астам күкірт жөнелттік. Енді осы айда Ресей Федерациясындағы тұтынушыға 2 000 тонна күкіртті жіберуге келісімшарт жасалды. Сол кезде жинаулы тұрған күкірттен

Естеріңізге сала кетсек, бір кездері NCOC компаниясында осындай ашық күкірт сақтау жағдайы болып, нәтижесінде Экология және табиғи ресурстар министрлігі компанияға 5,1 млрд доллар көлемінде айыппұл салған болатын.

Айтпақшы, осыдан екі жарым жыл бұрын Атырауға Түркиядан инвесторлар келіп, күкірт бетонитін өндіретін өнеркәсіп орнын ашуға дайын екенін жет-

кізген болатын. Шамамен 10 млн АҚШ долларын жұмсауға ниет білдірген түркиялық инвесторлар сол кездің өзінде Атырауға ғана емес, жалпы Қазақстан көлемінде күкірттің жеткілікті қоры бар екенін атап өткен еді.

«Біз үшін де, жалпы ел үшін де шикізатты терең өңдеуді ұйымдастыру, дайын өнімді күкірт бетониті түрінде шығарып, шетел нарығына экспорттау әлдеқайда тиімді. Логистикалық тұрғыдан алғанда, Атырау облысы — бұл жобаны жүзеге асыру үшін өте ыңғайлы инвестициялық алаң. Осы облыстан Қытай, Еуропа мен Ресей нарығына шығудың тиімді тусы көп», — деген еді инвестор Мунип Нурдоғду.

Бірақ содан кейін де екі жылдан астам уақыт өтті. Әзірге Атырауда күкірт бетонитін өндіретін зауыт салу мәселесі талқылау деңгейінде ғана қалып отыр. Қазір түйіршіктелген күкіртті тасымалдаумен айналысып отырған «Трэйд Ойл Ресурс» ЖШС қаржы директоры Жайық Омаровтың күкірттерді үлкен қиындықтармен жөнелтіп отырғаны туралы айтқан сөзін келтірдік. Атырауда бір АМӨЗ емес, бірнеше мұнай компаниясының кен орындарын игеріп отырғанын ескерсек, әлі қанша күкірт қорының ашық немесе жасырын күйде сақталып тұрғанын дөп басып айту оңай емес. Тіпті, ең алпауыт деген «Теңіз-шевройл» компаниясының өзі ашық тұрған күкірттен жылдап отырып әрең құтылған болатын. Экологиялық ахуалы оңсыз да онып тұрмаған Атырау облысында күкіртті түпкілікті жою мәселесінің толыққанды қашан шешілетіні белгісіз.



кондырғы бар. Онда күніне 12-16 тонна аралығында күкірт шығарылады.

«Әлеуметтік желіде күкіртті сақтау мәселесіне байланысты ақпарат шықты. Күкірт сақталған койма зауыттың меншігінде тұр. Бұл койма мердігер мекемеге жалға берілді. Жалға беру шарты бар. Биыл ашық койманы «Трэйд Ойл Ресурс» ЖШС жалға алды. Бұл компания зауыттан шығарылған күкіртті сатып алып, келесі тарапқа жеткізеді», — деді Абзал Теміров.

Спикердің айтуынша, ашық алаңда тұрған күкірттің нақты көлемі қандай екені белгісіз. «Түйіршіктелген күкірт арнайы герметикалық қаптарға салынады. Әр қаптың көлемі — 1 тонна.

толық арыламыз», — дейді «Трэйд Ойл Ресурс» ЖШС қаржы директоры Жайық Омаров.

Атырау мұнай өңдеу зауытының баспасөз-қызметінің нақтылауынша, зауыт түйіршіктелген күкірт өнімнің қауіпсіз тасымалдануына жағдай жасап отыр. Яғни, түйіршіктелген күкірт механикалық, температуралық және химиялық әсерлерге тығыз төзімді полипропиленнен жасалған арнайы герметикалық ыдысқа салынады. Бұл ыдыстар түйіршіктелген күкірт өнімінің қоршаған ортаға таралуына жол бермейді. Дегенмен тексеріс әлі жүріп жатыр. Күкірт «коймасына» байланысты нақты байлам тексеріс қорытындысы жарияланған соң белгілі болады.



Жетісу өңірінде ауыл шаруашылығын, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың мүмкіндігі аса мол. Қазір осы салаларда жеке ісін ашып, табыс табатындар қатары көбейе түскен. Сонымен бірге жергілікті кәсіпкерлер тарапынан өздері тұратын жерлерде өндірілген өнімдерді алысқа арбаламай, сол өскен, өнген жерінде өңдеп, тұтынуға дайын дүниеге айналдыруға қатысты талпыныстар артқан.

АУЫЛДА ШЫҒАТЫН ӨНІМГЕ СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ

А Болат АБАҒАН,
Алматы облысы

Осы орайда басты мақсаты — жергілікті ауылдық жерлердегі ресурстардан тауар өндіруге негізделіп, еліміз бойынша қолға алынған «Бір ауыл — бір өнім» жобасы Жетісу облысында өзінің тиімділігін көрсетіп отырғанын айта кеткен жөн. Былтыр аталған жоба аясындағы облыстық көрмеде үш адам жеңімпаз атанса, биылғы көрмеде тоғыз жетісулық кәсіпкер үздік болып танылыпты. Олардың арасында өздері тұратын ауылда сабын және косметика шығарып, азық-түлік өндірісін қалыптастырған, ағаш, гипс, киіз тәрізді түрлі материалдан бұйымдар жасауды жолға қойғандар бар.

Соңғы екі жылда «Бір ауыл — бір өнім» жобасының жеңімпазы атанған он екі адамның үшеуі — Сарқан ауданының кәсіпкерлері. Олардың бірі — сабын өндірісімен айналысатын Юлия Фисюкова болса, екіншісі — жеміс-жидек өсіру мен өңдеуді қолға алған Светлана Мұқашева. Ал Эльмира Ақпанова қазақтың дәстүрлі колөнері мен этнодизайн бағытында тер төгіп келеді. Осы жоғарыда аталған үш кәсіпкер де облыстық деңгейде жеңімпаз атанып, гранттарға ие болғандар қатарынан көрінді.

Койлық ауылының тұрғыны Светлана Мұқашева 33 жыл бойы сауда саласында жұмыс істеген, кейіннен бау-бақшамен айналысып, он жылдан астам жеміс-жидек дақылдарын өсіріп, өңдеп, тұтынушыларға табиғи өнімдер ұсынып келеді. Сұранысқа ие түрлі дақылды отырғызу мен күтуден бастап, оларды өндеуге және түпкілікті өнімді сатуға дейінгі өндірістің толық цикліне қалыптастырған іскер жан.

Алғашында барлық шаруаны жалғыз атқарған оған кейін отбасы мүшелері көмекке жұмылған. Отбасылық бизнес тұрақты табыс әкеле бастағанда, жұмысшылар алуды жөн көрген. Бүгінде «Мұқашева» жеке кәсіпкерлігінде 3 адам

еңбек етеді, ал жұмыс ауқымы артатын маусымдық кезеңде жұмысшылар саны 20-25 адамға дейін жетеді. Кәсіпкер алдағы кезде қол жұмысын механикаландырып, цех ашып, 10 гектар алма бағы, 1 гектар таңқурай мен қарақаттан алынатын іске жеміс-жидекті өңдеу желісін іске қосуды жоспарлап отыр.

Койлықтың тағы бір тұрғыны Юлия Фисюкованың негізгі мамандығы фармацевт, қазір сабын шағарады. Бұл кәсіппен алғашында хобби ретінде айналысқан ол кейінгі 5 жылда осы кәсібіндегі нәсіп көріп келеді. Өйткені оның сабынына сұраныс жоғары. Өнімі сан алуан: сыйлыққа лайықталған сабын, эксклюзивті сабын, шөптен жасалған сабын деп жалғаса береді.

2015 жылы құрылған Сарқан ауданының іскер әйелдер кеңесі бүгінде 40-қа жуық мүшені біріктіріп отыр. Оның ішінде, 20-дан астам белсенді кәсіпкер өз ісін сәтті жүргізіп келеді. Кеңестің негізгі мақсаты — әйелдердің жана бизнес бастамаларын қолдау, олардың қаржылық сауаттылығын арттыру, бухгалтерлік есеп-қисапты жүргізу дағдыларын дамыту және жеңілдетілген несиелер мен гранттарға қолжетімділікті қамтамасыз ету, — деген Сарқан ауданы Іскер әйелдер кеңесінің төрайымы Кенжетай Тазабекова әйелдердің кәсіпкерлік бастамаларын қолдау арқылы олардың экономикалық белсенділігін арттырудың маңызы мен отбасылық кәсіптің балаларды еңбекке тәрбиелеудегі рөліне ерекше мән берілетінін айтады.

Жалпы, 2023-2024-жылдағы «Бір ауыл — бір өнім» жобасына жетісулық 70-тен астам кәсіпкер қатысыпты. Соның 20-сы жартылай финалға өтсе, 12-сі жеңімпаз атанған. Оларға кәсіпкерлікті дамытуға арналған 5 млн теңгелік гранттың конкурсына қатысуға, түрлі республикалық және халықаралық көрмелерге қатысуға мүмкіндіктер жасалған. Сонымен бірге тауарларын брендтеу, сатылымын ілгерілету бойынша көмек көрсетіледі.

23 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ



Гүлден САТЕМИРОВА,
спорт психологі:

СПОРТ ПСИХОЛОГИ – ҮШ ТАРАП АРАСЫНДАҒЫ ДӘНЕКЕР МАМАН

Спорт психологінің басты міндеттерінің бірі – спортшының шынайы мақсаттары мен тілектерін жүзеге асыруына көмектесу. Балалар көбінесе олардың жоғары жетістіктерін армандайтын ата-аналардың ықпалымен спортпен айналыса бастайды. Алайда уақыт өте келе, жүктелген мақсат ауыртпалыққа айналуы мүмкін, бұл әсіресе жасөспірім кезінде, бала өз шекарасын қорғай бастағанда білінеді. Мұндай жағдайларда психолог спортшыға оның не үшін спортпен айналысатынын түсінуге және ондағы маңыздылықты көруге көмектеседі. Терең әңгімелер мен сұрақтар арқылы жеткіншек спорттың жай ғана міндет емес, оның өмірінің бір бөлшегі екенін, жетістікке жете алатынын түсіне алады.

Мотивациялық қолдау – спорт психологі жұмысының тағы бір маңызды аспектісі. Жаттығудың бірқалыптылығы, қиын жарыстар және жеңілістерден кейінгі сезімдер тіпті ең мықты спортшыны да аландатуы мүмкін. Психолог жүріп өткен жолды көруге, жетістіктер мен сәтсіздіктерді талдауға, болашақты көруге көмектеседі. Бұл спортшыға өз күш-жігерінің құндылығын түсінуге және оның жұмысының маңызды екенін сезінуге мүмкіндік береді.

Спортшының ата-анасымен бір кемеде болуы – тағы бір маңызды дүние. Балалардың спортқа деген қызығушылығын жоғалтуының басты себептерінің бірі деп отбасының қысымын қарастырамыз. Ата-аналар өздерінің амбицияларының жетегінде отырып, кейде баланың сезімін ұмытып кетеді. Ал бұл өз кезегінде жанжалдар мен күйзелістерге әкеледі. Мұндай сәттерде спорт психологі өзара түсіністік орнатуға көмектесетін жалғаушыға айналады. Ол ата-аналарға баласына қолдау көрсетудің қаншалықты маңызды екенін түсіндіріп, оның сәтсіздіктерін сынамай,

ЖАНЫ САУДЫҢ ЖЕҢІСІ КӨП

Әсет ҚАЛИ

Психология спортшылардың эмоциялық хал-ахуалы мен мотивациясында, сондай-ақ спорттық көрсеткіштерде маңызды рөл атқарады. Саланың спорттық психология деп аталатын бағыты чемпиондарды дайындауда қаншалықты маңызды екенін білмек болып, мамандардан жауап алуға тырысқан едік.

оның жетістіктері мен күш-жігеріне назар аударады.

Осылайша, спорт психологінің рөлі тек спортшымен жұмыс істеуден әлдеқайда жоғары. Ол бала, оның ата-анасы және жаттықтырушылар арасындағы дәнекерге айналады. Спорттық процеске қатысушылардың барлығына үйлесімділік табуға және ортақ нәтиже үшін жұмыс істеуге көмектеседі. Психологтің қолдауының арқасында көптеген жас спортшы дағдарыстарды жеңіп, эмоциялық және психологиялық салауаттылықты сақтай отырып, жаттығуларын жалғастырады және айтарлықтай жетістіктерге жетеді.



Елена РУЗИНА,
спорт психологі:

ЖЕҢІМПАЗ ПСИХОЛОГИЯСЫН ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БОЛАДЫ?

Жеңімпаз психологиясы баланың дамуы кезінде қалыптаса бастайды. Бұл таңғажайып процесс тек денені ғана емес, сонымен қатар жас спортшының чемпион болуына көмектесетін қасиеттерді де қалыптастырады.

Тәртіп, шешім қабылдау, қателіктерді талдау және табысқа жету жолдарын табу қабілеті – бұл ерте бала кезден қалыптаса бастайтын дағдылар және болашақ жеңістердің негізіне айналады.

Бастапқы кезеңдерде ата-ана мен жаттықтырушы маңызды рөл атқарады. Бала үшін олар – негізгі үлгі тұтар адамдар. Егер ата-ана мен жаттықтырушы шешім қабылдау, жауапкершілікті сезіну және қиындықтарды шешу қабілетін көрсетсе, бала өзінің бірегей қасиеттерін қоса отырып, олардан үйренеді.

Бала дамуының әрбір кезеңі мақсаттар қоюды және оларға жету үшін тактикаларды әзірлеуді талап етеді. Жеңімпаз психологиясын сәтті қалыптастыру үшін мына аспектілер аса маңызды екенін білген жөн. Оның біріншісі – тәртіп. Тәртіпсіз жетістікке жету үшін тұрақты негіз құра алмайсыз. Бала режимді ұстануды, жаттығуларды орындауды және өз әрекеттерінде тәртіптілікті іздеуді үйренеді. Екіншісі – әуесқойлық. Бастапқы кезеңде спортқа деген қызығушылықты көбіне ата-ана қалыптастырады. Алайда уақыт өте келе баланың өзі спортпен айналыса бастайды, жетістіктер мен процесін қуанышын сезінеді. Үшіншісі – мотивация және артықшылықты сезіну. Егде жастағы спортшы өз спорттың артықшылықтарын түсінгені маңызды. Бұл оны таңдаған сала-

сында тұрақтап қалуға және жоғары мақсаттар қоюға ынталандырады. Төртінші маңызды дүние – стратегия мен тактика. Үлкен жеңістерге жету үшін тактикалық қадамдарға бөлуге болатын нақты стратегия болуы керек. Бұл қадамдарды бірізді орындау үлкен жетістікке әкелетін шағын жеңістерге жетуге көмектеседі.



Салтанат МАХАНОВА,
бильярдтан екі дүркін
ҚР чемпионы, спорт шебері,
спорт психологі:

ЗАМАНАУИ СПОРТ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУДЫҢ МАҢЫЗЫН ТҮСІНІП КЕЛЕДІ

Өз тәжірибемде спортшылар ұшырасатын проблемалар көбінесе өзіне, өз күшіне сенбеудің, сенімсіздіктің кесірінен болып

жатады. ТМД елдері мен Қытайда спорт көбінесе әлеуметтік саты ретінде қарастырылады. Кейбір жағдайларда жаттықтырушылар тек тәлімгер емес, сонымен қатар психолог ретінде де жұмыс істейді. Алайда олардың осы рөлдердегі кәсіби қабілеттері тек жеке тәжірибе мен мінез-құлыққа байланысты. Спорт психологтері аймақта әлі де кенінен танылмаған және олармен жұмыс істеу жиі жанашырлық ретінде қабылданады, әсіресе жаттықтырушылармен қатығыс туғызуы мүмкін.

Спорт психологі командаға қосылғанда, жаттықтырушымен жиі текетірес болады. Бұл әртүрлі тәсілдерге байланысты: жаттықтырушы нәтиже мен қаталдыққа, ал психолог спортшының ішкі күйі мен мотивациясына назар аударады. Спортшыға тиімді көмектесу үшін спорт психологы алдымен барлық тараптардың мүдделерін ескеретін бірыңғай жұмыс бағытын құрады.

ТМД-ның заманауи спорты біртіндеп психологиялық қолдаудың маңыздылығын түсініп келе жатыр. Спорт психологтері қатаң жаттығулар мен эмоционалды әл-ауқат арасындағы тепе-теңдікті сақтауға көмектеседі.

Табысты даму үшін ескірген тәсілдерді қайта қарап, өз-өзіне сенім мен психологиялық тұрақтылықтың спортшы дайындығының аса маңызды элементтері болып табылатынын мойындау қажет, онсыз тұрақты нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес.



NUR MEDIA
МЕДИАХОЛДИНГ

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛТЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНЖАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.aik@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4525
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114.